



БАСТЫ МІНДЕТ –
ХАЛЫҚ СЕНІМІН
АҚТАУ

2-бет



ӘЛЕУМЕТТІК
ТЕҢСІЗДІК
БАСПАНАДАН
БАСТАЛАДЫ

2-бет



АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНҰЛЫНА
АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШ
АШЫЛДЫ

16-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№47 (1022) 21.11.2022 жыл

КӘСІПОДАҚ КӨКЖИЕГІ ҚАШАН КЕҢЕЙЕДІ?

ЕҢБЕКШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН НАҚТЫ ҚОРҒАЙ АЛАТЫН КӘСІПОДАҚ ҚАЖЕТ



БІЗ
КІМБІЗ ОСЫ...

Жазушы Дулат Исабековтің
«Социализм зәулімі» атты
аңгімесінің әлеуметтік қуаты
хақында

8-9
бет



Бүгінгі күні жаңа экономикалық реформалар жарияланып жатқанда, оны іске асыруға еліміздегі кәсіподақ ұйымдарының қосар үлесі қандай болуы керек? Бұл сұраққа жауап бермей тұрып, бізде еңбекшілердің құқығын нақты қорғай алатын кәсіптік одақтар бар ма деген сауалды саралап алған дұрыс сияқты. Саны жағынан әлі де аз, қызметінің нәтижесі төмен бұл ұйымдардың нақты іс тындыруға заңдық және әкімшілік тұрғыдан мүмкіндіктері бар ма? Аталған ұйымдар жұмыс берушілердің жетегінде, әкімшіл-әміршіл биліктің бұғауында қалып қойған жоқ па? Олай болса еңбекшілердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына қатысты және өзге де күнделікті туындайтын мәселелерін кім көтеріп, кім қорғауы керек?

3
бет

ЖЕТІСАЙДА ЖЕР ДАУЫ УШЫҒЫП ТҰР

Қазақ халқының тарихында «қанды қаңтар» деген атпен таңбаланып қалған оқиға қоғамдағы көптеген әділетсіздіктердің бетін ашып берді. Соның бірі – ауыл шаруашылығы саласындағы алалаушылық. Яғни кезінде кеңшар, ұжымшар басқарғандар құнарлы жерлердің бәрін пышақ үстінен бөліп алды да, қарапайым халық ұлтарақтай жерге зар болып қалды. Рас, әділетсіз бөлінген жерлерді кері қайтару үшін қарапайым халық аз әрекет жасаған жоқ. Бірақ, аузы қисық болса да байдың баласы сөйлесін дейтіндердің дәурені жүріп тұрған кезде шаруалардың шырылына құлақ асқан ешкім болмады.

4
бет



КІНДІГІМІЗ – АУЫЛДА...

Қазіргі уақытта «нарықты экономика» деген сөз тіркесі жиі қолданылып, орынды, орынсыз барлық мәселенің ұшын экономикаға әкеліп тірейтін болдық. Яғни, ел басшыларының «алдымен экономика, содан кейін саясат» деген бағытына өзімізше бейімделген, соған икемделген түріміз еді.

6
бет

НАРОД ПОДДЕРЖАЛ К.ТОКАЕВА: ПОБЕДА РЕФОРМАТОРА

Действующий президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев победил на выборах главы государства с 81,31% голосов. Центральная избирательная комиссия озвучила предварительные итоги прошедших досрочных выборов президента. Касым-Жомарт Токаев набрал 81,31% голосов. Жигули Дайрабаев набирает 3,42% голосов, Мейрам Кажыкенов – 2,53%, Каракат Абден – 2,6%, Салтанат Турсынбекова – 2,12%, Нурлан Ауесбаев – 2,22%.



10
бет

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

БАСТЫ МІНДЕТ – ХАЛЫҚ СЕНИМІН АҚТАУ

Қасым-Жомарт Тоқаев Республикалық қоғамдық штабқа барып, кезектен тыс президент сайлауындағы «Ашық қоғам» аймақтық зерттеулер халықаралық институтының жүргізген Exit poll-дың қорытындысымен танысты.



ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіровтың айтуынша, алдынала есептеу бойынша Қ.Тоқаевқа сайлаушылардың 81,31%-ы дауыс берген. Екінші орынды 5,8% дауыспен «бәріне қарсымын» бағаны түр. Президенттікке үміткерлер Жигули Дайрабаевқа – 3,42%, Қаракат Әбденге – 2,6%, Мейрам Қажықенге – 2,53%, Нұрлан Әуесбаевқа – 2,22% және Салтанат Тұрсынбековаға – 2,12% дауыс берілген. Сайлаудың соңғы қорытындылары ОСК отырысында бекітіледі, оны өткізетін күн мен уақыт қосымша хабарланатын болады.

Exit poll-дың қорытындысы жарияланған соң Республикалық қоғамдық штаб мүшелерінің алдында сөйлеген сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев 20-қарашада ерекше, тарихи науқан өткізін атап өтті. «Бұл науқанның біздің тарихымызда қалатыны сөзсіз. Exit Poll-дың алдын ала нәтижесі шықты. Әрине, ресми қорытындыны күтеміз. Дегенмен қазірдің өзінде халқымыз маған президент ретінде және баршаңызға үлкен сенім артты деп айтуға ең құнды нәрсе. Сондықтан халықтың сенімін бәріміз ақтауымыз керек. Бүгін, міне 21 қарашадан бастап

бәріміз жұмысқа кірісуіміз қажет» – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев мықты мемлекет құрамыз десек, ең алдымен, әділдік орнату қажет екенін, онсыз ешқандай да реформа болмайтынын айтты. Оның сөзінше, бәріміз бір ұлт, бір қоғам болып іске кірісуіміз қажет. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев өзіне үлкен сенім артқаны үшін коалицияға ризашылығын білдірді. «Қоғамдық штабқа, сенімді өкілдеріме, еріктілерге рақмет айтамын. Сіздер еліміздің әр түрлі іріне бардыңыздар. Ауыл-аймақтар, шалғай елді мекендер назардан тыс қалған жоқ. Ел арасында үгіт-насихат жүргіздіңіздер. Бұл – үлкен жұмыс. Оны мен ешқашан ұмытпаймын. Сол себепті бүгінгі күн – бәріміз бірге өткізілетін күн» – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Оның пікірінше, сайлау заңға сәйкес өтті. Президенттікке үміткерлерге

бірдей мүмкіндік берілді. «Олар аймақтарды емін-еркін аралады. Сайлаушылармен кездесіп, үгіт-насихат жүргізді. Яғни, ешкімге шектеу қойылған жоқ. Әрбір сайлаушыға өз таңдауын жасауына еркіндік берілді. Сондықтан бұл науқан ерекше әділ, ашық өтті» – деді мемлекет басшысы. Президент сайлау жаңа саяси дәуірге жол ашатынын айтып, алдағы уақытта басты билік институттары түгел жаңғыртылатынын жеткізді. «Конституциялық реформаны толығымен және нақты жүзеге асырамыз. Еліміздің саяси құрылысын жаңа қалыпқа түсіреміз. Экономиканы түбегейлі өзгертеміз. Халқымыздың әл-ауқатын арттырамыз. Соның бәрін ойдағыдай атқару үшін бізге бірлік керек. Сондықтан әрдайым бірге болайық» – деді ол. Сөзінше, біздің бірігіп, бірігіп Қасым-Жомарт Тоқаев шараға қатысушыларды Жаңа, Әділетті Қазақстанды бірге құруға шақырып, бақ-береке тіледі.

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» АКЦИЯЛАРЫ САТЫЛЫМҒА ШЫҒАРЫЛАДЫ

Таяуда «Самұрық-Қазына» қоры «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының жай акцияларын алғаш рет жария түрде сатуға шығаратынын хабарлады. Енді әр қазақстандық IPO-ға қатысып, акция иесі атана алады.

«ҚазМұнайГаз» компаниясының бірегей активтер болашақта акциялар құнының өсуіне себеп болатынын айтады. «ҚазМұнайГаз» компаниясының 1 акциясы 8406 теңгеге бағаланды. Сатып алынатын акция санына шекті мөлшер жоқ. Азаматтар инвестиция салудың бірнеше жолын таңдай алады: Брокерлер, АІХ биржасы, мобилді қосымшалар немесе Қазпошта бөлімшелері. Компания IPO шеңберінде акцияларының 5%-ын сатылымға шығаруды ұйғарды. «Жергілікті АІХ биржасында және Қазақстан қор биржасында ұсынылған ҚазМұнайГаз IPO-сын кеңінен таныстыру мақсатында өңірлерде жеке инвесторлармен кездесулер өткіземіз. Спикер-

лер «ҚазМұнайГаз» қызметі, инвестициялық тартымдылық факторлары және компанияның дивиденд саясаты туралы толық ақпаратты, ұсыну шарттары мен өтінім беру рәсімі туралы мәліметтерді баяндайды. Былтыр «ҚазМұнайГаз» өз акционерлеріне 200 млрд. теңге дивиденд төледі – деді «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев. Оның айтуынша IPO-ға ышқан сәттен бастап компания үшін даму сәттен бастап басталады. IPO арқылы барлық қазақстандықтың «ҚазМұнайГаз» акцияларын сатып алуға мүмкіндік алғанын көздейміз. Бүгінде «ҚазМұнайГаз» компаниясының 100% акциясы 5,1 трлн. теңгеге бағалануда. Шоғырландырылған активтері 32 млрд. долларға тең. Бірінші жартыжылдықтағы таза пайда 677 млрд. теңге болған. Компания қоржынында қазірдің өзінде өндіру, тасымал және мұнай өңдеу бойынша бірегей жобалар бар. Алдағы жылдары «Қаламқас» және «Хазар» теңіз кен орындарын игере бастайды.

ҒЫЛЫМДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Қазір ғылым мен оқу ісінде ғана емес, басшылық құрамда да әйелдер саны артып келеді. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек мәлімдеді.

Оның айтуынша, бұл елдегі гендерлік саясаттың сәтті жүзеге асып жатқанын көрсетеді. Дәл осы мәселе елордада өткен Халықаралық ғылым-конференцияда жаң-жақты талқыланды. Жиынға Чехия, Швейцария, Үндістан және АҚШ ғалымдары мен сарапшылары да келді. Олар елдегі әйелдер теңдігі үшін атқарылып

жатқан жұмысты жоғары бағалады. Әсіресе президенттік кандидаттардың арасында екі әйел адам болғаны жақсы көрсеткіш дейді олар. Ресми көрсеткіштерде де серпіліс бар екенін анық байқалады. Конференция қорытындысы бойынша ғылыми негізделген сараптамалық талдау әзірленіп, ол Үкімет пен әкімдіктерге жеткізілетін болады. Саясат Нұрбектің айтуынша бүгінгі күні ғылыми қызметкерлердің 54% – әйелдер. Қазір әйелдердің ғылымға деген белсенділігі күшейіп келе жатыр. Осыған орай гендерлік мәселе басты назарда болмақшы.

ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК БАСПАНАДАН БАСТАЛАДЫ

«Отбасы банк» басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова Қазақстандағы баспана иелерінің статистикасын жариялады. Бұл мәлімет бойынша 147 адамның 20 одан да көп баспанасы бар екен.

«Азаматтарға арналған үкімет» коммерциялық емес акционерлік қоғамының мәліметінше, 2021 жылдың аяғында 6,3 миллион адамның меншігінде үй бар. 19 миллион халық бар десек, соның ішінде 6,3 миллион деген жаман статистика емес. Егер бізде 10 миллионға жуық экономикалық белсенді халық бар десек, 60 пайызының меншігінде үй бар болып шығады. Бұл тәуелсіздіктің 30 жылдығындағы жақсы көрсеткіш. Егер құрылымына зер салсақ, 5,6 миллион адамның басында бір баспанадан бар» – деді «Отбасы банк» басшысы.

Оның айтуынша, Қазақ-

станда 717 мың тұрғында екі баспанадан бар. Оның ішінде 607 мың адамның басында екі пәтер, 84 394 адамның атында 3 жылжымайтын мүлік, 16 509 адамның атында 4 жылжымайтын мүлік нысаны тіркелген. Бір басында 5 нысаны барлардың саны әлдеқайда аз – 4 823. 1 935 адамда 6 пәтерден бар. «Шамамен 147 адамның 20 және одан да көп баспанасы бар. Бұл 6,3 миллион пәтерге шамамен 4,3 миллион отбасы иеледі» – деді Ибрагимова.

Әрине, халықтың байлыққа бауатты болғаны дұрыс. Ләззат Ибрагимованың мәлімдемесінен мақтаныштың белгісі байқалады. Одан да елімізде 2,5 миллионнан аса адамның баспанасыз біреудің есігінде пәтер жалдап жүргенін айтып, сол мәселені шешудің ұтымды жолдарын айтқанда пікірі тартымдырақ болар еді. Өйткені әлеуметтік теңсіздік осы баспанадан басталатыны белгілі.



ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫН ҚАЙТАЛАҒЫСЫ КЕЛГЕНДЕР ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Ұлттық қауіпсіздік комитеті Алматыда қанды қаңтар оқиғасындағыдай ойран салмақ болған арам пияллы жеті адамды ұстады, арасында әйелдер де бар.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті таратқан бейнежазбадан қылмыстық топ мүшелерінің бірнеше мәрте бас қосып, жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыруға тыңғылықты дайындалғанын аңғаруға болады. Олар дәл Қаңтар оқиғасының сценарий бойынша, Алматыдағы құқық қорғау органдарының ғимараттарын басып алып, әкімшілік ғимараттар мен басқа да әлеуметтік нысандарға от қоюды көздеген. Тіпті снайперлерді де жалдамақ болған. Тінту барысында жасырынған жерінен қару-жараққа толы қойма табылды. «Қару-жараққа толы қоймада Калашников автоматы, ойық ұңғылы Меркель мылтығы, екі тегіс ұңғылы кесілген мылтық, оқ-дәрі, «Молотов коктейльдеріне» арналған сұйықтығы бар бөтелкелер, бөтелке лақтырғыштар, бензин құйылған канистралар, рациялар сақтаған» – деді ҰҚК өкілдері. Өзге мәлімет ҚК 201-бабына сәйкес жария етілмейді. Күдіктілер тергеу аяқталғанша уақытша ұстау изоляторына қамалды.

ҮКІМЕТТЕГІЛЕР ҚАНША ЖАЛАҚЫ АЛАДЫ?

Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев сенат отырысынан кейін үкімет мүшелерінің жалақысына қатысты журналистердің сұрағына жауап берді.

Ерұлан Жамаубаев қазақстандық министрлердің жалақысы 1,7 миллион теңгеге дейін жетуі мүмкін екенін айтады. «Бәрі тәжірибе мен біліктілікке байланысты. Менің ойымша, жалақының минималды мөлшері 500-600 мың теңге, ал максималды мөлшері еңбек өтіліне байланысты - 1,5-1,7 миллион теңгеге дейін жетеді» – деді ол. Қаржы министрі бұл ретте үкімет басшысының қанша жалақы алатыны туралы сұраққа толық жауап бермеді. Ол бұл сауал бойынша премьер-министрдің баспасөз қызметіне жүгінуді ұсынды. «Егер Әлихан Асханұлы рұқсат етсе, мен айтамын. Мен өзім үшін жауап бердім, жалақымызды айттым. Мен жалақы дәлізін ғана айттым» – деді ол. Тілшілердің «Әлихан Смайыловтың жалақысы 1,7



миллион теңге ме?» деген нақтылау үшін қойған сауалына Қаржы министрі «Бәлкім» деп қысқаша жауап берді.

Аудан әкімінен бастап премьер-министрге дейін заң бойынша халық қызметшілері саналады. Сол халық қаржысы есебінен айлық жалақы алатыны да рас. Олай болса үкіметтегілер жалақысының мөлшерін халыққа неге ашық айтпайды? Әлде жұрттан жасыратындай халық біле бермейтін құпиялары бар ма?..

Бүгінгі күні жаңа экономикалық реформалар жарияланып жатқанда, оны іске асыруға еліміздегі кәсіподақ ұйымдарының қосар үлесі қандай болуы керек? Бұл сұраққа жауап бермей тұрып, бізде еңбекшілердің құқығын нақты қорғай алатын кәсіптік одақтар бар ма деген сауалды саралап алған дұрыс сияқты. Саны жағынан әлі де аз, қызметінің нәтижесі төмен бұл ұйымдардың нақты іс тындыруға заңдық және әкімшілік тұрғыдан мүмкіндіктері бар ма? Аталған ұйымдар жұмыс берушілердің жетегінде, әкімшіл-әміршіл биліктің бұғауында қалып қойған жоқ па? Олай болса еңбекшілердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына қатысты және өзге де күнделікті туындайтын мәселелерін кім көтеріп, кім қорғауы керек?

мұнайлы өңірдегі Жаңаөзен мен Қарағанды облысындағы атышулы «АрселорМитталТеміртау» компаниясында жиі орын алатын жұмысшылардың наразылығын айтсақ та жетіп жатыр.

ҚР Кәсіподақтар Федерациясының Қарағанды облысындағы Кәсіподақ орталығының төрағасы Болат Жұмабеков Шахтинскідегі шахтада жақында болған соңғы қайғылы оқиғаға байланысты білдірген пікірінде негізгі кемшіліктердің бетін ашып берді. Болат Жұмабековтың айтуынша, Қарағанды облысындағы Ленин атындағы шахта — еліміздегі ең қауіпті кен орындарының бірі. «Оқиға кезінде екі бригада жұмыс істеп жатқан. Жарақаттанған бес адам басқа жақта, бұрғылау жұмыстарында болған. Ал, бес адам өкінішке қарай, қайтыс болды. Ол жерде кенеттен метан газы тарлады. Шахта атмосферасында оттегінің жетіспеушілігінен, газ шыққан кезде адам бірден құлайды. Метан иіссіз,

жағдайлары жасалған жерге жұмысқа баратынын білуі керек. Алда не күтіп тұрғанын ешкім білмейді. Геология қызметі, техникалық қызметкерлер — барлығы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты болуға міндетті», — деп есептейді Б. Жұмабеков.

Елімізде кәсіподақ ұйымдары бар болғанмен саны жағынан тым аз. Олардың басым бөлігі білім беру, денсаулық сақтау, металлургия, энергетика саласы мен мемлекеттік қызметкерлерді қамтыған. Саны жағынан ең көп саналатын шағын және орта бизнес саласында кәсіподақ ұйымдары жоқ десе де болады. Осы сала басшылары кәсіподақ ұйымдарын құруға көбінесе қарсы болып келеді. Сондықтан да болар еңбек заңын бұзушылық шағын және орта бизнес саласында жиі кездеседі. Мысалы бір ғана Алматы қаласында он мыңдаған компаниялар тіркеліп, жұмыс істеп жатса да ондағы кәсіподақ ұйымдары саны бір мыңға де жетпейді екен.

жүргізуге тырысады. Ал ол «өкілдер» өздері тандап тағайындаған адамдар болып шығады. Әрине, ондай «жұмысшылар өкілдері» түптеп келгенде басшылардың сөзін сөйлейтіні белгілі.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай еңбек даулары көбінесе төленетін жалақы айналасында туындайды. Яғни жұмысшылардың алатын айлығы ішер тамағы, киер киімі және коммуналдық төлемдерді өтеуге жетпей жатады. Оған қоса көбісінің төлеуге міндетті несиелік қарыздары бар. Ал жұмыс берушілер көбірек пайда табу үшін жұмысшылардың жалақысын көтергісі келмейді. Содан барып жұмысшылар мен кәсіпорын иелері арасында жанжал пайда болып, сотқа дейін жетеді. Осындай еңбек дауларын өзара шешуде кәсіподақ ұйымы белсенді болуы керек.

Қазіргі елімізде бар, түрлі ұйымдардағы ұйымдар мен жалпы алғандағы ҚР Кәсіподақтар федера-

үшін жұмыс берушіге ешқандай қылмыстық іс қозғалмайды. Ал еңбекшілердің уақытында жалақы төлемегені үшін жұмысты тоқтатуға құқығы жоқ. Әлемде және елімізде тұрақты орын алып жатқан экономикадағы инфляцияға байланысты ұжымдық келісім-шартта көрсетілген жалақы мөлшері еңбекшілердің өмір сүруіне жетпей қалады. Сондықтан Кәсіподақтар федерациясы жалақының жыл сайын индексациялап отыруды міндетті нормаға енгізуді ұсынды. Сол сияқты жұмыс беруші мен жұмысты атқарушы жалақысының арасында 50-60 еседей айырмашылықтар бар, ал әлемдік тәжірибеде осы айырмашылық көрсеткіші он еседен аспайды. Бұл еңбек нарығындағы әділетсіздіктің белгісі. Осық жайында мемлекет басшысы халыққа Жолдауында да атап көрсетіп, аталмыш тенсіздікті реттеу қажеттігін айтқан болатын. Бірақ Президенттің бұл нақты тапсырмасын орындауға асыққан кәсіпорын басшыларын осы күнге дейін көрмедік. Олар сол бұрынғысынша өздеріне ыңғайлы, өздерінің пайдасын ғана ойлауда. Ал атқарушы билік саналатын үкімет болса жұмыс берушілер мен еңбекшілер арасындағы жиі орын алатын дауламайға «қай жеңгендерің менікі» дегендей сынай танытып отыр.

Қарап отырсақ, еңбекшілерді толғандыратын, қарапайым жұмысшыларға қатысты мәселе өте көп, оның бәрін тізіп шығу да мүмкін емес. Соның бірі жұмысшыға денсаулығына байланысты еңбекке уақытша жарамсыз болып қалғандағы төленетін арнайы төлемге байланысты. Ол бүгінгі күні 15 айлық есептік көрсеткіш деңгейінде. Мысалы биылғы жылы ол небары 45,9 мың теңге айналасында болып отыр. Осы ақшаға қалай өмір сүруге болады, оған қоса ауырған адам емделу үшін дәрі-дәрмек сатып алуы керек. Жұмысшы құқығын қорғауға тиісті кәсіподақ алдында тұрған міндеттер өте көп. Сондықтан оның жұмысына мемлекет, әсіресе үкімет тарапынан қолдау қажет. Ол үшін еліміздегі кәсіподақ қызметіне кең жол ашып, заңдық тұрғыдан мүмкіндіктер жасау қажет. Өкінішке орай, осы күнге дейін Кәсіподақтар тарапынан жылдар бойы айтылып келе жатқан мәселелер уақытында ескерілмейді. Халық үніне құлақ асуға міндетті біздің үкімет көбінесе қағаз жүзіндегі ешқандай нәтиже бермейтін жалпылама жауаптармен құтылады. Әлеуметтік әділеттілікті талап еткен жұмысшылар мен кәсіподақ өкілдерін оппозиция қатарына жатқызып, өздеріне жау санайтындар да бар біздің билік пен кәсіпорын иелерінің арасында. Ондай саяси сауатсыз, біліксіз мамандар мен өз құлқының ғана ойлайтын, халық есебінен байыған тойымсыздар әлеуметтік тенсіздіктің ертенгі күні орны толмас қайғы-қасіретке алып келетінін түсінгісі келмейді. Оны біз қанды қантар оқиғасы арқылы басымыздан өткердік. Оқиға экономикалық, әлеуметтік талаптардан басталып, саяси талаптарға ұласып, ақыры үлкен қасіретпен аяқталғанын көрдік. Енді содан сабақ алып, алдағы уақытта оның қайталанбасы үшін бірігіп қимыл көрсетуге міндеттіміз. Қарапайым еңбекшілер арттық ештеңе талап етпейді, оларға бар-жоғы тұрақты жұмыс пен өмір сүруіне лайықты жалақы қажет. Қоғам мен билік арасында өзара түсіністік орнаса ғана жарияланған реформалар іске асып, алға қойған мақсаттарға жетуге болады. Соны түсінетін уақыт жетті емес пе?!

КӘСІПОДАҚ КӨҚЖИЕГІ ҚАШАН КЕҢЕЙЕДІ?

ЕҢБЕКШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН НАҚТЫ ҚОРҒАЙ АЛАТЫН КӘСІПОДАҚ ҚАЖЕТ

Ашығын айтсақ, қазіргі біздің қоғамда кәсіподақ ұйымдарына немқұрайды, көзді жұмып қарайтын көзқарас қалыптасқан. Бұл дұрыс емес. Тіпті, өзіміз бүгіндер жерден алып жерге салып жататын кенестік кезеңнің өзінде Қазақстанда кәсіптік одақтардың 10-11 миллион мүшесі болған екен және кезкелген ұжым басшылары кәсіподақ ұйымымен санасатын. Сондықтан олардың жалпы ұжымдағы беделі жоғары болатын. Адамды жұмысқа қабылданған күнінен бастап, олардың құқығын қорғап, еңбек және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын қадағалап, тұрақты түрде қолдау көрсететін. Баспаналы болуына, емделуіне мүмкіндік жасап, демалыс орындарына жолдамалар да кәсіподақ ұйымы арқылы, тигінгер жарналары есебінен жеткізілетін. Еңбек тәртібін бұзған адамдардың әрекетін кәсіподақ комитетінде қарап, кемшіліктерді түзетуге атсалысатын. Бір де бір еңбек адамы кәсіподақ ұйымының келісімінсіз жұмыстан шығарылмайтын. Бүгінгі күні сол кәсіподақ мүшесінің саны еліміз бойынша 3,5 миллионға да жетпейді екен. Ал кәсіподақ ұйымдарының еңбекшілерді қолдау, қорғау мүмкіндігі мен соған сәйкес жалпы ұжымдағы беделі туралы айтпасақ та болады. Жұмсартып айтқанда жұмыс берушілер олармен ақылдаспақ түгіл сөйлеспейді де, өз қалауларына шешім қабылдайды. Ақысыз жұмыс уақытын ұзартып, керек болса қысқартып жұмыстан босата салады. Еңбек кодексіне пысықып та қарамайтын кәсіпорын иелері жұмысшыларын құлақкесті құлындай жұмсап, мардымсыз жалақымен байлап отырғанына куә болып жүрміз. Олар санын ұзартып қанау арқылы байып отырғандары туралы ойланбайды да. Сондықтан да түрлі салаларда еңбекшілер құқығы тапталып, арыз-шағымдар жиі айтылып келеді. Ол өз кезегінде мыңдаған еңбекшілердің көшеге шығып, билікке наразылығын білдіруге әкеліп соқтыруда. Еліміз бойынша көптеген кәсіпорын жұмысшылары еріккеннен ереуілге шығып жатқан жоқ. Басқасын айтпағанда, оған



көзге көрінбейді, адамды әп-сәтте есінен тандырады», — деп түсіндірді Болат Жұмабеков.

Кәсіподақ жетекшісі мұндай жағдайлар жиі орын алатынын айта келе, оның не себептен болғанын және алдағы уақытта қайталанбас үшін қандай шаруа қолдану керектігін де айтып берді. Соған қарағанда аймақтық кәсіподақ ұйымындағылар кеншілер мәселесін жатқа біледі, оны айтып та жүр. Бірақ содан шығып жатқан нәтиже мүлдем жоқ. «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы бос уәделер мен көп сөзден нақты іске көшуі керек. Кәсіпорын 1996 жылы келді, осы уақытқа дейін бірде-бір жана құрылғы пайдалануға берілген жоқ. Жаңадан алғаны: биылғы бұрғылау қондырғылары мен 20-дан астам туннельдік техника. Жаңа тау-кен-шахта жабдықтары қажет. Дамыған елдердің шахталарында газ шығарындылары болмайды. Біріншіден, біз алдымен, қауіпсіз жабдық болуы керек. Өткен жылы қарашада Абай кенішінде болған оқиғадан кейін жаңа техника алуға уәде бергенімен, қытайлық жабдықты сатып алды. Мүмкін олар сол жақтың шахталарына жарамды болар, бірақ бізге емес. Міне, инвесторымыз осындай... Жалпы, біздің тау-кен-геологиялық жағдайымызға сәйкес келетін модернизация бағдарламасы болуы қажет. Кенші қауіпсіз еңбек

Кәсіпорын басшыларының айтар уәжі жетерлік. Олардың ойынша Еңбек Кодексі заңы бар, оны қадағалайтын Еңбек инспекциясы жұмыс істейді. Оған қосымша кәсіподақ ұйымының қажеті шамалы дейді жұмыс берушілер. Ал мыңдаған кәсіпорындарды мемлекеттік органдар үнемі қадағалай алмайтын белгілі. Бүгінгі Еңбек Кодексі қарапайым жұмысшылардың емес, кәсіпорын иелерінің ыңғайына қарай жазылғанын кәсіподақ және қоғам қайраткері Асхат Асылбеков орталық басылымдардың біріне берген сұхбатында ашық айтқан болатын. «Өкінішке орай, Мәжілістің өткен шақырылымындағы депутаттар еңбек дауына қатысты жазылған шамамен 145-тей бапты алып тастап, есесіне жұмысшыны жұмыстан шығаруға мүмкіндік беретін 26 бапты қабылдап, өткізіп жіберді» деген болатын ол. Заңмен нақты қорғалғандықтан әрбір ірілі-уақты еңбек ұжымында кәсіподақ ұйымының болуы міндеттелуі керек. Өйткені аталған ұйым мен жұмыс беруші арасындағы дау-дамайларды көшеге шығармай, сотқа жүгінбей-ақ өзара шешуге мүмкіндік береді. Кәсіподақ ұйымдарын өзіне жау санайтын кәсіпорын иелері неше түрлі құйтырқы әдістерді де қолданады. Мысалы кәсіподақ ұйымының орнына еңбек ұжымының өкілдері ретінде жекелеген адамдармен келіссөз

циясы қол қусырып қарап отыр деуге де болмайды. Еңбекшілерді қолдау мақсатында олар Үкіметке жылдар бойы өз талаптарын айтқанмен, бірақ сол талаптардың көбісі ескерусіз қалып келеді. Үстіміздегі жылдың басында әлеуметтің әріптестік пен еңбек қатынастарын реттеу республикалық комиссиясының отырысында Кәсіподақ федерациясы төрағасы Сатыбалды Дәулеталин жалақы жүйесіне өзгерістер енгізу туралы мәселені қозғаған болатын. Қазір елімізде еңбекшілердің жалақысы Еңбек Кодексінің 107 бабына сәйкес жұмыс берушінің ақы төлеу жүйесіне байланысты өзара ұжымдық еңбек келісім-шарттары арқылы жүзеге асырылады. Бұл қолданыстағы тәсілдің жұмысшылар үшін тиімділігі аз. Өйткені кәсіподақ ұйымы жоқ жерде жұмыс берушінің ықпалы басым болып келетінін байқауға болады. Сол себепті еңбекшілер өз бетінше қатаң талап қоя алмайды. Айталық, елімізде жасалған 154 635 ұжымдық еңбек келісім-шарттарының тек қана 25-30 мыңдайына ғана кәсіподақ араласқан. Сондықтан да Еңбек кодексіндегі жалақы жүйесіне қатысты заңға кәсіподақтардың келісімімен өзгерістер енгізуді ұсынуда. Көп жағдайларда атқарылған жұмыстарға жұмыс беруші жалақыны айлап уақытында төлейметін кездері жиі болады. Ол

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ДАРХАН САТЫБАЛДЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақ халқының тарихында «қанды қаңтар» деген атпен таңбаланып қалған оқиға қоғамдағы көптеген әділетсіздіктердің бетін ашып берді. Соның бірі – ауыл шаруашылығы саласындағы алалаушылық. Яғни кезінде кеңшар, ұжымшар басқарғандар құнарлы жерлердің бәрін пышақ үстінен бөліп алды да, қарапайым халық ұлтрақтай жерге зар болып қалды.

Рас, әділетсіз бөлінген жерлерді кері қайтару үшін қарапайым халық аз әрекет жасаған жоқ. Бірақ, аузы қисық болса да байдың баласы сөйлесін дейтіндердің дәурені жүріп тұрған кезде шаруалардың шырылына күлақ асқан ешкім болмады. Қалай болғанда да қарапайым халыққа өзіне тиесілі жерін қайтару деп шапқылап жүрген белгілі журналист Болат Көмеков те келместің кемесіне мініп кете барды. Содан кейін бұл мәселе жабулы күйінде қала берер ме еді, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің кезекті Жолдауында кезінде әділетсіз бөлініп кеткен ауыл шаруашылығы жерлерін халыққа қайтару туралы тапсырма бермегенінде...

Жарлығына орай 20 жыл тапжылмай осы кеңшарды басқарған директорға шаруашылық мүлкінің 10 пайызы жерімен қосылып тегін беріледі делінген. Сонымен, А.Молчановтың меншігіне 288 гектар мүлік жерімен қосылып тарту етілді. Бұрынғы басшы бұған да қанағат етпей, ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 24 ақпандағы қаулысына сәйкес ұжымдық кәсіпорынның тағы 20 пайыз мүлік жерімен қоса аукцион арқылы сатып алды. Ашыққаннан құныққан жаман демекші, жергілікті халықтың әл-ауқаты мен мүддесін мүлдем жадынан шығарған ол 1995

11.04.2003 жылғы №№ 4005,4006, 4007 санды, жалпы 1158 гектар жерді жалға беру жайлы үлгілік шарттарды заңсыз деп тауып бұзуды және А.А.Молчанованы мұрагерліктен шеттетуді сұрайды. Бұлармен қоса талапкер Б.Көмеков ҚР Үкіметінің №1071 санды 2003 жылғы 22 қазандағы қаулысына сәйкес, А.Молчановтың өзге заңды мұрагеріне 30 гектар жерді қалдырып, қалғанын бұрынғы Киров ұжымдық шаруашылық мүшелері және тұрмысы төмен Абай ауылының тұрғындарына жеңілдікпен сатып алу құқығымен

Мұнымызға Оңтүстік Қазақстан облысының нотариаттық палатасы тарапынан берілген (07 сәуір, 2003 ж.) №1-71108 санды құжат хаты нақты дәлел. Онда былай делінген: «Оңтүстік Қазақстан әділет басқармасының 2003 жылдың сәуір айының 2-ші жұлдызындағы нөмірі 1-1860/08 хатына сай, Қазақстан Республикасындағы елшілігіне түскен 16.02.2003 жылы қайтыс болған Алексей Иванович Молчановтың өсиеті елшіліктің консулдық бөлімімен дұрыс куәландырылмауына байланысты мұралық мүліктің орналасқан жеріне заң бойынша мұраға құқық берілуі керек. Осыған орай, Өзбекстан Республикасы Ташкент қаласында Молчанов Алексей Ивановичтің атынан әйелі Молчанова Алефтина Александровнаның атына куәландырылған өсиеті бойынша мұралық іс қабылданбауы қажет. (Құжат хат сөзбе-сөз алынды. Ә.Т.)»

Мұны бір деңіз. Ал, енді ҚР Әділет министрлігі сот сараптамасы орталығы Оңтүстік Қазақстан аймақтық ғылыми-өндірістік лабораториясының №3229 санды сот сараптамасының қорытындысына назар аударыңыз. Мұны да сөзбе-сөз келтіреміз. «А.И. Молчановтың атынан қойылған 15.02.2003 ж. өсиеттегі бірінші қатарға орналасқан қолтаңбаны Молчанов Алексей Иванович орындамаған, оны орындаған басқа тұлға».

А.И.Молчановтың атынан Молчанова Алефтина Александровнаның атына куәландырылған өсиеттің заңдылығына күмәнді қоюландыра түсетін тағы бір фактіге де тоқталып өткенді жөн көрдік.

Сотта куә ретінде сұралған Қуатова Назира Узбекбаевнаның жауаптары да жоғарыда аталып өткен құзырлы органдардың А.И.Молчановтың атынан Молчанова Алефтина Александровнаның атына куәландырылған мұралық өсиетінің заңсыз болғанын толықтыра түсетіндігімен де маңызды. Н.Қуатова 1994 жылдың бері А.И.Молчановтың әйелі екенін, араларында 1995 жылдың 25 тамызында туылған Амалия атты қыздарының туу туралы куәлігінде әкесі А.И.Молчанов деп жазылғанын айтады. Ол сондай-ақ, А.И.Молчановтың Ташкенттің Юнусбад маңындағы үй алып бергенін, екеуінің сонда 1995 жылдан бері бірге тұратынын баяндайды. 2003 жылдың 18 қаңтары күні А.И.Молчановтың қатты науқастанып ауруханаға түскенін, күтім жасап отырғанда оның «Халыққа обал болды, артық алған жерлерді ауылдастарыма қайтарамын. Жерді алғалы аурумен әлек болдым, халықтың қарғысы тиді ме екен? Жазылғасын арыз жазып жерді қайтарамын. Ол бәрібір талан-таражға түседі» дегенін де атап өтеді.

Әйелі мұнымен қоса А.И.Молчановтың А.А.Молчановаға мұра қалдыру жайлы мүлдем ойы болмағанын, елшіліктің консулы тарапынан бекітілген өсиеттегі Алексей Иванович Молчановтың қолы еместігін, тағы басқа құнды деректерді жариялайды.

Расында да, өзі жансақтау бөлімінде хәл үстінде тұрған адамның мұрагерлік туралы өсиет қалдырып, қол қоюы ешбір қисынға келмейді. Бұлардан шығар қорытынды сол, ОҚО Нотариаттық палатасы мен ҚР Әділет министрлігі

ЖЕТІСАЙДА ЖЕР ДАУЫ УШЫҒЫП ТҰР

Президенттің тапсырмасынан кейін сең қозғалып, жекенің меншігіндегі мыңдаған гектар жерлер мемлекетке қайтарыла бастады. Міне, осы бастама біздің көптен бері көкейімізде жүрген мәселеге қозға салып, қолымызға қалам алдырды.

Иә, бұл мәселе мыңдаған, тіпті, миллиондаған қарапайым халықтың, нәпақасын маңдай терімен табуға дағдыланған дикандар мен шаруалардың жанайқайына айналғаны жасырын емес. Жыл сайын көл-көсір пайдаға кенелтіп, қарапайым халықты жұмыспен қамтып отырған кеңшарлар мен ұжымшарлар жөн-жосықсыз таратылып, шұрайлы жерлер «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кетті. Ең сорақысы, жердің нағыз иелері – жергілікті дикандар мен шаруалар үлестен қағылды. Мұнымызды бүгіндегі Түркістан облысы Жетісай ауданы Абай ауылдық округі тұрғындарының жанайқайларынан-ақ аңғаруға болады. Кезінде бұл кеңшардың жүзім өсіруден данқы облыс, республика көлемінен асып, күллі одаққа белгілі болды. Кеңшарды ұзақ жыл басқарған Алексей Молчанов өмірінің соңында әділетсіздікке барып, өз халқын өзі «тонап», кеңшардағы жердің жартысынан астамын өзіне жекешелендіріп алды. Соның салдарынан аталған кеңшар тұрғындарының әлеуметтік жағдайы көрші ауыл тұрғындарымен салыстырғанда едәуір төмендеп кетті. Өйтпегенде ше, негізгі күнкөрісі егін шаруашылығына тікелей байланысты, көзін ашқаннан жеміс-жидек өсірумен айналысқан тұрғындардың кейбірінің отбасылық үлес-пайы бір гектарға да жетпейді. Осылайша бір кездері өте бай кеңшарлардың бірі саналған ауыл тұрғындары әділетсіз бөлінген жердің зардабын әлі тартып келеді.

Мұның барлығы, әрине, жергілікті халықтың мұң-мұқтажын, талап-тілектерін ескермей жүргізілген жекешелендіру саясатының салдарынан болған шалағай тірліктер. Қолында билігі барлау жүзіндегі гектар шұрайлы жерді иемденді. Ал, қарапайым халық отбасы мүшелерін түгел қосқанның өзінде 1 гектар, 0,80, тіпті 0,5 гектарға әзер қолдары жетті. Мұны да ала алмай қалғандар қаншама! Мұны әлеуметтік теңсіздік демесе лаж жоқ. Жөн-жосықсыз жасалған келенсіздіктерді анықтап, әділдікті орнату үшін жергілікті тұрғындар талай рет құзырлы мекемелердің



табалдырықтарын тоздырды. Өкініштісі сол, ешқандай нәтиже болмады. Тек аталған кеңшардың тұрғыны, Мырзашөл өлкесіне белгілі журналист, бүгінде марқұм болып кеткен Болат Көмековтің аталған мәселеге орай көптеген тұрғындардың атынан талапкер ретінде Мақтаарал аудандық №3 аудандық сотына арызданғаны, сотқа әу бастағы заңсыздықтарды айғақтайтын дәлелді фактілерді ұсынғаны қарапайым тұрғындардың үміт отын оятқанды еді. Айта кеткен жөн, сотқа дейін де жергілікті тұрғындар, әсіресе, марқұм Болат Көмековті қолдаған белсенді азаматтар жер мәселесіне орай орын алған заңсыздықтарды қалпына келтіру үшін талай тар жол, тайғақ кешулерден өткенін бүгінде бума-бума болып жинақталған қағаздар мен бұлтартпас фактілер дәлел бола алады.

Түсінікті болуы үшін жер дауының түп-төркініне тоқталып өтелік. Сонымен, кең-байтақ еліміздің өзге жерлеріндегідей Киров атындағы жеміс-жүзім кеңшарындағы жеміс-жүзім бөлігін директорлардың меншігіне беру туралы» №1585 Жарлығы мен ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 24 ақпандағы «Мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын азаматтардың жеке меншігіне сату туралы» №216 қаулысы «ізденгенге сұраған» болды. Президенттің

жылдың 27 қазанында ұжымдық кәсіпорынның тағы 21 пайыз мүлік жерімен қоса меншіктеп алды. Осылайша бұрынғы кеңшар директоры шұрайлы, суармалы жердің 51 пайызын, яғни 1472 гектар жерді өз иелігіне өткізеді. Ал, қалған 49 пайызы 7476 адамға бөлініп, орта есеппен әр отбасыға 70 сотық жерден ғана тиеді.

Жоғарыдағы 51 пайызға енетін жерлердің заңсыз бөлігін айғақтайтын құжаттарды алға тартып арызданса да жергілікті тұрғындар құзырлы органдар тарапынан ешбір қолдау таппай, жылдар бойы қынжылыспен күй кешіп келді. Қарапайым халық талаптарының түбегейлі зерттелмеуінің астарында жоғарыда аталып өтілген Президент Жарлығы мен Үкіметтің қаулысы тұрған сияқты.

Сонымен, аталған жер дауына байланысты Киров атындағы жеміс-жүзім кеңшарының тұрғыны, талапкер Болат Ержігітұлы Көмековтің талап-арызы бойынша 2004 жылдың 14 қаңтары күні Асықатадағы №3 аудандық сотта судья Тотай Ерімбетовтің төрағалығымен сот отырысы өтті.

Талапкер Б.Көмеков жауапкерлер – Мақтаарал ауданының әкімі мен аудандық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетке, ОҚО нотариаттық палатасына және ҚР Өзбекстандағы елшілігіне марқұм А.И.Молчановтың А.А.Молчановаға берген өсиетін, А.А.Молчановаға нотариус берген мұрагерлікке құқық туралы куәліктерді және осы азаматша мен Мақтаарал ауданы әкімі арасындағы

бөліп беруді Мақтаарал ауданының әкімі мен аудандық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетке тапсыруды да жөн деп біледі.

Аталған сот отырысын өткізу барысында судья Тотай Ерімбетов екі жақтың, яғни талапкер мен жауапкерлердің дәлелдемелерін мұқият тындап, хаттамаға түсіргізіп отырады. Оларды ескей келе, нақты фактілерді сараптау, осылардың негізінде әділ қорытынды шешім шығару Тотай Мамытұлына оңайға соқпағаны айтпаса да түсінікті. Ол да өзгелер секілді қара басы мен мансаптың қамын ойлап, жауапкерлердің ығына жығыла салуына болар еді. Бірақ, ол өйтпеді. Тотай Мамытұлы судья ретінде адам арының алдындағы адалдықты, имандылықты, кіршіксіз тазалықты, ең негізгісі қарапайым халықтың мүддесін артық көрді. Бұл сайып келгенде сол шақтарда екінің бірінін қолынан келе бермейтін нартәуекел батылдықты еді. Талапкер мен жауапкерлердің, куәлардың сотта берген жауаптарын, сондай-ақ, құзырлы мекемелер мен ұйымдар тарапынан берілген дәлелді құжат-қағаздарды әділдігі ретінде атап келгенде судья Тотай Ерімбетов мына төмендегілерді анықтайды және талапкер мен Абай ауылдық округі аумағындағы қарапайым тұрғындардың мүддесіне орай шешім шығарады.

Бұған төмендегі айғақты деректер арқау болады. Ең негізгісі марқұм А.И.Молчановтың А.А.Молчановаға берген мұрагерлік туралы өсиетінің заңсыздығы, яғни қолдан жасалғаны белгілі болады.

(!) сот сараптама орталығы ОҚО аймақтық ғылыми-өндірістік лабораториясы А.И.Молчановтың А.А.Молчановтың атына қуәландырылған өсиеттің заңсыздықтарын толығымен дәлелдеп, соттағы қуәлардың да айғақты дәлелдері келтірілгеннен кейін нотариус берген мұрагерлікке құқық туралы қуәліктен бастап барлық іс-әрекеттер өз күшін жоюға тиіс деп білеміз. Бұлардың ішінде, әрине, А.А.Молчанова мен Мақтаарал ауданы әкімі арасындағы 11.04.2003 жылғы №№4005,4006 және 4007 санды, жалпы 1158 гектар жерді жалға беру жайлы үлгілік шарт және А.А.Молчанованы мұрагерліктен шеттету мәселесі де бар.

Бірінші сатыдағы сот отырысы (судья Т.Ерімбетов) осындай батыл да тарихи шешім шығарған-ды. Өкініштісі, қарапайым халықтың алақайлап қуанған шақтары ұзаққа созылмады. Әділ шешім облыстық соттың шешімімен бұзылды. Халықтың мұнан да жоғарғы баспалдақтарға жазған жанайқайға толы арыз-шағымдары ешбір қолда таппады. Осылайша жергілікті тұрғындардың армандарға толы үміттері жанбай жатып сөнді. Бүгінде 1 гектар да жері жоқ отбасылар Абай ауылдық округінде бірнеше жүздеп табылады. Бұларға Өзбекстаннан қоныс аудартқан қандас бауырларымыздың отбасыларын қосыңыз. Ілгері жеміс-жүзім кеңшары аумағындағы суармалы жерлер аудандағы ең бір шұрайлы да құнарлы жерлер санатына жатады. Жоғарыдағы заңсыздықтардың нәтижесінде жүздеген гектарға ие болған пысықайлардың «еки билеп, бір асап жүргені» тағы рас. Екі ортада қарапайым да момын халыққа қиын болып отыр. Егер әділдік орнап, о баста заңсыз берілген жерлер әуелі мемлекетке қайтарылып, онан соң қарапайым халыққа ұзақ мерзімге берілсе, нұр үстіне нұр болар еді. Бұл өз ретінде әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы нашар отбасыларға қуаныш сыйлайтыны айдай анық.

Жыл басында Жаңаөзен қаласынан бастап, басқа қалаларда жалғасын тапқан халықтың жаппай наразылық шеруі, міне, осындай келеңсіздіктерден, әділетсіз әрекеттерден орын алды деп ойлаймыз. Сондай-ақ, өлгенімізге байыппен қарап, кемшіліктерден тиісті қорытынды шығаруымыз қажеттігін айқындап берді. Солардың бірі хәм бірегейі кезінде заңсыз берілген миллиондаған гектар жерлердің мемлекетке қайтарылуы дер едік. Бұлардың қатарында бүгіндегі Жетісай ауданы, Абай ауылдық округі аумағындағы кезінде заңсыз жекешелендірілген жерлер де мемлекет меншігіне қайтарылып, халықтың ризығына айналса екен дейміз. Мұның оңай болмасын да сезіп отырмыз. Дегенмен, түбі орындалатын мәселе. Сондықтан да елім, жұртым, халқым дейтін, өз жеке мүддесінен мемлекеттің мүддесін, оның жарқын болашағын жоғары қоятын аудандық, облыстық деңгейдегі депутаттарымыз, әсіресе, оңтүстік өңірінен ел Парламентінде отырған азаматтарымыз ілгері Киров атындағы жеміс-жүзім кеңшары аумағындағы қарапайым халықтың жанайқайына көмектеседі, әділдік салтанат құрады деген сенімдеміз. Бұл өз ретінде Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың Жаңа Қазақстанды құру жолындағы жарқын идеяларының өміршеңдігінің де жарқын үлгілерінің біріне айналар еді.

Әбдәлім ТІЛЕУБЕКОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

■ ZAMANDAS

Әр адам өз болашағын өзі жасайды. Оның сәтті және сәтсіз болуы, қиын немесе қуанышты болуы адамның өзіне байланысты. Әркімнің өмір жолы әртүрлі, тағдыры да әр қилы болғандықтан адамның іс-әрекетіне қарай, өмір де өз ағысымен апарыды. Жарқын болашақ құру ең алдымен тәрбие-тәлімнен, үлкен білімнің арқасында болатыны сөзсіз. Жарқын болашаққа қадам жасау кішкентай дүниелерден басталады. Мысалы, уақытымызды пайдалы өткізіміз келеді, ол үшін ертеңгі күнге белсенді жоспар жасап, тәтті ұйқыға кетеміз. Бірақ, таңертең ұйқыдан оянарыңа кім кепіл? Кепілдік бар ма?

БОЛАШАҒЫҢ – ӨЗ ҚОЛЫҢДА

Әрине, жоқ. Өйткені болашақты болжау — адам қолынан келмейтін дүние. Алдағы күніміз бір Аллаға ғана аян.

Бірақ болашақты болжай алмағанмен, оның жарқын болуына іс-әрекет жасаған адам, зәредей бұлсын берекелі болашақты құру алады деп ойлаймын. Болашақ өмірді әрқайсымыз «жарқын болады» деп көреміз ал ол үшін әрекет жасайтын адам санаулы. Өмір үміттен тұрады ал үміт біздің жетекшіміз. Үміт бар жерде іс әрекетте болашағыңа пайдалы іс жасайсың.

Жарқын болашақ деген не? Ол — білім алып, білімді оң іске салып соның қызығын жылдар бойы көру. Одан кейін саналы ұрпақ тәрбиелеп оларға түзу жол көрсету. Ұрпағың саналы болса, одан асқан бақыт болмас. Ондай ұрпақтың болашағы да берекелі, сәтті болары сөзсіз.

Әрбір жақсылықтың қайыры бар, сол себепті жақсы іс пен айналысып болашағымызды өз қолымызға алғанымыз жөн. Бұл, әсіресе, жастарға үлкен үндеу.

Керемет өмір, сәтті болашақ... Естеген құлақтың өзінше жағымды естіледі. Солай емес пе? «Болашақ» сөзін тамсанбай, жай ғана айта салу тіпті мүмкін емес, бәлкім қанымызда бар қасиет шығар, бірден көз алдымызға әдемі қылып сипаттаймыз, әр нәрсені елестете бастаймыз. Жақсыға жоримыз немесе әр нәрседен тек жақсыны күтеміз. Ол дұрыс емес пе?

Әркім — өз өмірінің суретшісі. Сондықтан да әр адам болашағын өзінше керемет қылып суреттейді. Біз ата-бабамыз секілді байсалды болуымыз қажет; себебі, біздің бабаларымыз не қиындық көрсе де, болашақ ұрпағы үшін шыдап, кейінгі буын інілер келіп, жаңа толқын келіп, заманды түзер деп тілек етті және күресті. Ал енді азаттықтың таны атты! Ендігі жол — біздікі! Енді біздің ісіміз болашақтың бастауына айналмақ! Оны асқан бақыт қызмет етуіміз қажет. Ал ол үшін біздің бастапқы ісіміз — білім алу және оны пайдалана білу.

«Болашақ — жастардың қолында» деген қанатты сөз көптеген жастарымыздың алға ұмтылуына, мақсат қоюына, сол мақсатқа жетуге деген құштарлығының оянуына себепші болған ғажап бір асыл сөз. Яғни, жастарға ел сеніп отыр, үміт артып отыр. Осыны сезіне білсек,

үмітті ақтай білсек, еліміз үшін бұл үлкен қуаныш.

Сенім артып отырған жастардың қатарына өзімді де жатқызамын. Себебі, қазіргі уақытта ұққаным «білімсіздің күні қараңғы» болатындығы.

Мемлекет басшысының жастар үшін жасап жатқан жаңа қоғамына көз тастап, мен осы қоғамның бөлшегі болып қана емес сонымен қоса, оның дамуына, қанатын кең жаюына өз септігімді тигізгім келеді. Елімнің, туып өскен қасиетті жерімнің болашағын көрмейтін, бұдан асқан арман болмас еді. Бұл үшін әлі де көп жұмыс істемекшімін. Ал басқа жастарда да осындай ой барма екен? Қызық... Алайда өз туған жеріміз үшін еңбек ету арқылы оның бізге берген мүмкіндіктерінің ақысын қайтара аламыз деп ойлаймын. Ол да адамның Отанына деген махаббатына байланысты ғой. Бірақ мен сенімдімін — қоршаған ортамызды да еліміздің болашағын көркейткісі келетіндер аз емес.

Жарқын болашақ деген не? Ол — білім алып, білімді оң іске салып, соның қызығын жылдар бойы көру. Одан кейін саналы ұрпақ тәрбиелеп оларға түзу жол көрсету. Ұрпағың саналы болса, одан асқан бақыт болмас. Ондай ұрпақтың болашағы да берекелі, сәтті болары сөзсіз.

Әрбір жақсылықтың қайыры бар, сол себепті жақсы іс пен айналысып болашағымызды өз қолымызға алғанымыз жөн. Бұл, әсіресе, жастарға үлкен үндеу.

Менің асқақ арманым, ғажайып болашағым. Бұл сөздер менің жаным майдай жағады. Менің асқақ армандарым мен мақсаттарым осы бір ауыз «болашақ» сөзімен байланысқан. Кейде тәтті ойларға беріліп кетемін, болашағымды елестетем, қаншама еңбек пен білім керектігін, болашағыма әсерін ойлаймын, қиялдаймын. Бұл қиял маған шиеленіскен қиындықтарды артта қалдыруға көмектеседі. Түркі ғалымы Махмұд Қашқаридың осыған тұрғыны айтырған сөзіне «Білім, өзгер бойдағы — сауын болар түбінде». Ең кереметі, ең қажеттісі де сол — білім. Білімін болса берекелі болашақты құра аласың деп ойлаймын. Білімге құштарлық, міне, адамды адам ететін қасиет осы.

Мен — еліміз болашағымын. Елімді көркейтетін тұяқпын (атамның айтатын сөздері). Ал қазіргі жастар қандай? Олардың ойлары қандай? Қазіргі жастар са-

уатты, көзі ашық, жаһанның жаңа және соңғы жаңалықтарын жатқа білетін, оны қорыта алатын, әлем көшбасшыларымен терезесі тең түсе алатындай озық ойлы, білімді және ізденімпаз. Ал «Мен өз елімнің болашағы үшін не істей аламын?» деген сұрақ әр адамды, соның ішінде оқыған жастарды алаңдатады. Себебі, ұлттық рухани құндылықтарға сусындап өскен адам ғана осындай озық ойларға бара алады. Ал бұл біздің қанымыз бен тәрбиемізде бар қасиет. Біз жастар — өз еліміздің көзді ашыратұрмынша, елімізді бетке ұстар азаматтары болып шыға келеміз. Елдің болашағы біздің қолымызда — жастарда. Біз өз болашағымызды өз қолымызбен жасаймыз. Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де, білгір жастардың қолында. Жастар алдыңғы буын ағалардың жолын лайықты жалғастырып, өздерінің сенімді ізбасар екенін дәлелдеуде. Қай заманда болмасын қоғамның

сол сенімді ақтайтын да — бізбіз!

Мен өз болашағымды журналистика мамандығымен байланыстырғым келеді. Халыққа қызмет етіп, елімді көркейткім келеді. Сәбит Мұқанов айтқандай: «Жақсылық жолында келе жатып жаман әдет көрсетпе!» Келер буынға жеткі мен жаманды айыруды, өтірік пен шындықты ажырата білуді үйрететін бізбіз деп ойлаймын. Бұл менің болашаққа жасаған ой-жоспарымды қиялдағанды, көңілге қуаныш ұялатады. Ал халық үшін үлгі әрі елестеу сөзді жастарды тәрбиелеп шығару үлкен жетістік. «Бүгінгі ұрпақ — ертеңгі болашақ» демекші, жастардың санасына тарихымызды, әдет-ғұрпымызды, патриоттық рухты сіндіруіміз қажет. Сол кезде жастарымыздың бойынан өжеттілік пен патриоттық сезімі аңқып тұрады. Болашағымызды өзіміз жасау білейік. Өзімізге сенім артып, алға қарай нық қадам жасай білейік. Болашақ біздің алдағы өміріміз. Кеше армандадым, бүгін мақсат қойдым, ертең мақсатыма жетемін деп әрекеттену қажет. Себебі, болашаққа оңат жоспар құру, мақсат қою, оған жетудегі жалғыз жол.

Ынта, еңбексүйгіштік, ықылас — барлығы өзінше үндестік тапса, ол адам сөзсіз мақсатына жетеді. Болашағын жарқын көретін адам кіші жастар еңбектенуіне адам деп санаймын. Сол арқылы адам өзін өзі басқару, мақсатқа жете білу және жаман мен жақсыны айыру қасиеттерін жетік менгереді. Ал сен болашағың үшін не істедің? Оның жарқын болуына кепіл бере аласың ба? Мың рет ойлантатын сұрақ, келісесің ғой?... Дәл қазір орнынан тұрып барып, болашаққа жоспарды қағаз бетіне түсір. 24 сағат ішінде болашағың үшін канша қадам жасай аласың? Болашақ — жастардың қолында. Жастарға үлкен үміт артып отырған үлкендер жоғарыда айтылған нәрселерді естен шығармаса екен! Шұрметті жас дос! Болашағың үшін әрекет ет. Өйткені, болашақ бүгіннен басталады. Оның берекелі мен жарқын болуына іс әрекет жасайтын тек өзін. Өзіне сенімді бол!

Аружан МҰРАТ,
№20 орта мектептің
11 сынып оқушысы
М.Түймебаев ауылы
Іле ауданы
Алматы облысы



Қазіргі уақытта «нарықты экономика» деген сөз тіркесі жиі қолданылып, орынды, орынсыз барлық мәселенің үшін экономикаға әкеліп тірейтін болды. Яғни, ел басшыларының «алдымен экономика, содан кейін саясат» деген бағытына өзіміз бейімделген, соған икемделген түріміз еді. Әрине, экономика – барлық әлеуметтік мәселелердің көш бастаушысы. Ал экономика сөзінің синонимі – қаражат. Өйткені, барлық тіршілік қаражаттан басталып, қаражатпен аяқталады. Бұл жерде айтпағымыз, экономика сөзімен немесе оның салалық мәселелерінен бастау, ол әлеуметтік мәселелердің проблемаларын шешу деп түсіну керек. Бірақ та экономикалық мәселелерді шешудің бірден бір кепілі технологиялық мәселелерді тереңірек зерттеп, зерделеп, тиімді, жергілікті жерге бейімделген түрлерін енгізіп отырып, қабаттастырып жүргізбесе, оның да нәтижесі төмен болуы мүмкін.

Ауылшаруашылығындағы үлкен ерекшелік, негізінен, барлық салаларды да, технологияларды да сауатты салалық мамандар, өздерінің практикалық тәжірибелерімен байланыстыра басқарса, нәтиже күтуге болады. Өкінішке орай, кейінгі жылдары, салалық мамандар өздерінің білетін салаларына пайдаланылмай, кездейсоқ қызметтерді атқарып кетті. Жеке адам қандай да бір алпауыт, білгір болса да, ол көп саланы түгелдей игере алмайды. Әр адамның физикалық мүмкіншілігі шектеулі. Әрине, адамдардың бәрі бірдей емес, біреулерінің есте сақтау қабілеті жоғарылау, біреулерінің төмендеуі болады, ол табиғаттың берген сыйы, яғни, байлығы.

Десек те, есте тұрақты сақтайтын үлкен мәселе, ол қай салада болсын, жоспарлы экономикадан қол үзбеу. Мәселен, жай ғана отбасылық мәселелердің өзінде бір күндік, апталық, айлық, жылдық жоспарлар қағазға түсіріліп, мөр басылып бекітілмегенмен, ауызша болса да, ойда болады. Бұл одақтық кездегідей жоспар қуып, қағаз жүзінде емес, іс жүзінде жоспарлап, жоспарлы түрде күнделікті отырып, қаралған мәселелерді тиянақты іске асыру.

Осы жерде біздің негізгі айтпағымыз төмендегіше.

Қазақстан жерінің көлемі жағынан дүние жүзінде тоғызыншы орында бола тұра (жағымалының көлемінен – бесінші, егістіктің аумағынан – екінші орында деп, телевизилық хабардан естіп қалдым) өзінің көп емес (он тоғыз миллиондай-ақ) халқын осынша жерден алуға болатын, сөйтіп керекті, қамтамасыз таза өнімдерімен қамтамасыз етуіне қажетті мүмкіншіліктерді пайдалана алмауында болып тұр. Негізгі үлкен кемшілік, салалық министрліктердің жылдық жоспарды сауатты ғылыми-өндірістік тәжірибеге сүйене отырып жасай алмауында. Олардың ондай есептерден алшақтап, практикалық тәжірибеден қол үзіп қалғандығында. Ескі тәжірибесі бар қызметкерлерді зейнеткерлікке жібердік, орындарына жас кәдірлерді дайындамадық, оларды білімдеріне қарай емес, тамыртаныстықтарына, қалталарының қатыстырына қарай іріктедік. Тағы бір үлкен кемшілік, осы күнге дейін мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақысы өте төмен болды. Тапқан айлықтары отбасыларын асырауға жетпей жатты. Менің алдағы үмітім, жағдай күн санап жақсарарда, қой үстіне боз торғай жұмыртқалайтын заман болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың саясаты мені толық қанағаттандырады, көпшілік қауымның көзқарасы да осыған саяды деген үлкен сенімім бар. Тек, енді сол саясатты қолдап, бір адам басшы болып, қалғаны көтерген дәуір болып, «жабыла көтерген жұк жеңіл» деген қағиданы басшылыққа алып, бәріміз бірігіп іс-қимыл жасасак, біздер алмайтын қамал болмайтынына сенімдімін.

Ауылшаруашылығына байланысты нақты ұсынысым: Алматы қаласында Қазақым малшаруашылығы және жем-шөп өндіру, одан басқа егіншілікпен шұғылдану ғылыми-зерттеу институттары бар. Облыстарда да



Нұрмахамбет АЙТУФАНОВ,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты

бірнеше университеттер, ғылыми-тәжірибелік станциялар бар, соларды аумақтық жер жағдайына ыңғайлап, олардың жасайтын іс-жоспарларына қатысуға, бірге жасасуларына сондағы бар кадрларды тиімді пайдалануларына, жергілікті әкімшіліктерден тікелей тапсырмалар берілуі тиіс, яғни, әкімшілік жүктемелер ретінде, нақтылай мемлекеттік тапсырмалар беру. Солардың ғалымдарымен бірлесе отырып, республиканың барлық облыстары бойынша, облысқа арнап үлкен астық, малшаруашылығы және жем-шөп өнімдерін өндіру жоспарын жасау. Ондай жоспарлар бұрын Одақтаның кезінде болған. Сол жерде, жеке-жеке облыстар бойынша, әр облыстың жерінің көлеміне, мүмкіншілігіне байланысты өздерінің қолдарында бар малдың басын анықтау (оны шартты мал басына айналдыру). Ол жерде, қазіргі бар малдың басы шығады, содан соң, жерінің көлемі (сулы және тәлімі жерлердің), ол жерлердің барлығынан бір жылда қанша астық, жем-шөп өндіруге болатыны шығады. Ол жем-шөптің көлемін, жем-шөп (кормовые единицы) бірлігіне айналдырып, сол көлемге жыл бойынша қанша мал ұстауға болатынын жеке облыстар, аудандар, шаруашылықтар бойынша есептеп шығаруға тиіспіз. Бұл малдың басымен, жем-шөп өндірудің есеп-қисабы болса, енді адамға қажетті тамақ өнімдерінің есебін шығарып көруге болады. Ол да онша қиын шаруа емес.

Мәселен, елде қанша халық бар, оларға азық-түліктің қандай түрлерінен және қанша көлемде керек екінің денсаулық министрлігімен бірлесе отырып, есептеп шығару керек. Біздер тек соларды қандай көлемде дайындаудың жолдарын іздейміз. Ол үшін ер облыста қандай өсімдік түрлері өсетіндігін халық та, үкімет те біледі. Енді солардың ішкі мүмкіндіктерімен есептесе отырып, жерінің, ауа-райының

мүмкіндіктерін есепке ала, солармен бірлесіп, қай облыс халық үшін не өндіре алады, қандай көлемде? Халықтың қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында, әр облыстың мүмкіншілігімен санасып, керекті өнімге тапсырыс берілуін талап ету. Ал, оның орындалуы тиісті министрліктер, әкімдер жыл бойы бақылауда ұстап, қажет болғанда материалдық жәрдемдерді ұйымдастыруға міндетті. Тура осындай есеп-қисапты, жеке аудандар бойынша, аудандағы ауыл әкімшіліктері бойынша, ауыл әкімшілігіне қарайтын жеке шаруақожалықтары бойынша (тіпті, ауылдағы жеке отбасыларына да болжамды жоспарлар жасауға міндетті).

Негізінде, ауыл әкімшілігі жылдық жоспар дайындағанда, олар ауылдық әкімшілікке қарасты жеке шаруа қожалықтарының жылдық жоспарларының жиын-

қажеттілікті анықтау. Қанша астық, малшаруашылығы өнімдері, жеміс-жидек, көкөніс, жем-шөп керек? Одан, қанша өнім сыртқа сатуға артылады? Егерде, осы есептер нақтыланып, заманауи ғылыми-практикалық есептерге сүйеніп, негізделіп сауатты жасалынса, онда мемлекетіміз өзіміздің халықты толық азық-түлікпен (егістік жерден алынатын, сонымен бірге малшаруашылығы өнімдерімен) қамтамасыз ете алады.

Бұл жерде, қағаз жүзінде емес, нақты іспен, үлкен жауапкершілікпен, мемлекет басшыларынан бастап, әкімшілік қызметкерлері, барлық жауапты мамандар, халық болып, үлкен энтузиазыммен, осы елдің белсенді мүшелері есебінде жабыла іске кіріссек, бұл алуға болатын, (өзіміз зорға, шұылдап жүріп қабырғасын ылаждап тұрғызған, құлап калудың алдында тұрған, қисық қамалды айтып отырмын) қамал. Оны жаңа мемлекеттің тұсында дұрыстап, халық игілігіне жарайтындай етіп, заманауи

оны аялап, бізге сыйға беріп отырған өніміне құрметпен қарап, қадіріне жете беруіміз керек емес пе?

Ары қарайғы өміріміздің мәні де, сәні де жерге тікелей байланысты, яғни, одан кейінгі асыраушымыз – Жер-Ана. Міне, осы себептерге байланысты, әр бір кадам жерді дұрыс көзбен қарап, оны керекті қоректік заттарымен қамтамасыз етіп, өңдеп, тиісті агротехникалық жұмыстарды өткендей атқарып, сол жердің беретін өнімін барынша (максималды) алуға қол жеткізуіміз керек. Ол үшін жылдың басында, алдында айтқанымыздай, жоспар жасап, жыл бойы сол жоспарды тұрақты, жоспарға сәйкес орындай отыруын қадағалау жауапты мекемелердің, қызметкерлердің сонда тұратын жалпы халықтың басты міндеті болуға тиісті. Ал жылдың аяғында аудан, ауыл басшылары, осы жоспарланған жұмыстың сапалы аяқталғаны туралы есеп беруге міндетті. Оған аудан активінің

Кіндігіміз -

тығынан, яғни, әрбір шаруашылықтың көрсеткіштерінен құрылған өнімнің жалпы саны болады. Ол есептерді ауыл әкімшілігі жеке-жеке шаруашылықтардың мөрлерін бастырып, бастықтарына қол қойдырып жылдың соңында қабылдап алуға тиіс. Ол үшін, әрбір жеке қожалықтарға жылдың басында «бизнес-жоспар» жасату міндетті. Жоспарларды ауыл әкімдері, өздерінде талқылап, содан соң, мөр басып бекіту, ал жылдың аяғында көрсетілген келісім-шарт орындалмаса, алдағы жылдарда, ол жерлер ол қожалықтардан алынып, басқа тиянақты жұмыс істеп жатқан шаруашылықтарға берілуі мүмкін деп, келісім-шартта көрсетілуі керек. Мұндай нақты есептерді жүргізу үшін, осыдан біраз жылдар бұрын, ауыл әкімдерінің өтініштері бойынша, әрбір ауыл әкімдеріне, стат есептер де жасалп отыратын қызметкерлерді беріп еді. Бірақ та, әкімдер оларды дұрыс, тиімді пайдалана алмай, нәтижесінде қысқартылып кетті. Оның ар жағында, әкімдер жылда өтірік есеп жасап, мемлекетке бере салатын. Ол жерде, негізінде жалған жасала берген өлімгер болатын, яғни, берген өтірік есептер көрініп қалатын болған соң, әкімдер олардан да құтылды.

Міне, осы кемшіліктерді болдырмау үшін, ондай қызметкерлер керек. Есеп нақты, дұрыс болғанда ғана, жұмыстың нәтижесі шынайы көрініс табады, сонда ғана әкімдердің жылдық жұмысына дұрыс баға беруге болады.

Қорытынды, барлық жерде есеп-қисап жұмыстары нақты, өтіріксіз шынайы болуға қол жеткізсек, олар қағаз жүзінде емес, іс жүзінде көрініп тұрса, бұрмалауға жол берілмесе, сонда ғана, халықтың бірнәрсесі, ар жағында ауыздырына біртүресе түседі. Халық тойынса, қажеттіліктері қамтамасыз етілсе, дендері сау, киімдері бүтін, уайым-қайғылары сейілсе, ол халықтың еңбегінің нәтижесі көріне бастайды, көңіл-күйі артады, өмір сүруге деген құлшынысы көтеріледі. Содан соң олардан мемлекеттің де бір нәрсе сұрауларына болады.

Негізгі мақсат, мемлекетімізге жылына өнімнің қандай түрін, қанша көлемде өндіруге тиісті, ішкі

талапқа сәйкес тұрғызуға толық мүмкіншілігіміз бар деп ойлаймын. Оған біздің күш-жігеріміз, ақыл-ойымыз, интеллектуалдық қабілетіміз жетеді деген үлкен сенімдемін. Тек алуға деп, білекті қорбақ, қол батыр», ол біздің ата-тегіміз дәлелдеп кеткен, шынайы шындық.

Бұл жерде, ауытқуға болмайтын, тұрақты басшылықта ұстайтын, қатаң қағида мынау болуға тиіс: Қазіргі талап бойынша, әкімшіліктен жылдың аяғындағы қорытынды жұмысын, олардың жыл бойынша атқарған ісінің басты көрсеткішін, «жолдарды істеуіне, жөндеуіне байланысты болсын» деген тапсырма бар. Бұл да дұрыс шығар, ол да әлеуметтік саладағы керекті көрсеткіш. Ал, біздердің пайымдауымыз бойынша, әрі маман есебінде айтатын ұсынысымыз: жылдың аяғында негізгі көрсеткіш, әкімдерге баға беретін критерий – ол, сол аймағындағы, яғни, қарамағындағы жерлерді тиімді пайдаландығы болуға тиіс. Себебі, халықты, тек қана халықты емес, жер бетінде жыбырлап жүрген жәндіктер де дейін, оларға қорек беріп, оларды ашықтырмай, аздырмай-тоздырмай асырап отырған – біздің Жер-Анамыз. Жердің қадірін, тек қана адамдар ғана түсінеді десек, онда қателесіп кетуіміз мүмкін. Жердің қадірін, содан қорек алып, күн көріп жүрген жәндік-жануарларда түсіну мүмкін, бірақ та, оны айтарға олардың тілі жоқ. Түсіндіріп айта алатын тілді құдай адамға ғана берген. Соны біле тұра, оны түсіндіріп айта жүруге біздердің сана-сезіміміз жете бермейді, жетсе де оны мойындауға, қадіріне жетуге кісілігіміз, кішілігіміз жібермейді. Жат қаныңа аяғымыздың астында жатқанын мәз болып, шаңын шығарып жүргенімізге ризамыз. Сондай қанағатшыл, өр көкіректілігіміз де жетерлік пендеміз. Немесе сол жердің қасиетін білуге, сезуге тиісті, алдымен түсінетін сауаты бар, көзі ашық құдайдың жаратқан, жаратқанда да, сол жермен бірге дүниенің сілаған табиғаттың бір өнімі сіздермен, біздерміз ғой. Сондықтан да біздер сол қасиетті Жер-Ананы қадірлеп,

барлық мүшелері ат салысуы керек. Оларға бағаны осы жерлердің түгел игеріліп (әрбір гектарына есеп беруге тиісті) алған өнімінің санына, сапасына қарай анықталуға тиіс. Жергілікті үкіметке беретін жылдық баға, жылдың аяғында Жер-Ананы қалай пайдаланығанына тікелей байланыстырылса, ол әділ де, орынды болып, жергілікті биліктің жауапкершілігін арттырады еді және өнімнің қажетті көлемде дайындалуына тікелей септігін тигізеді анық.

Осы жерде, айтпай кетуге болмайтын, үкіметтің тағы бір жіберіп алған үлкен кемшілігі бар. Ол біреулердің айта салған, жансақ пікірін терең түсінбей, жай ғана уақытша алдарындағы қиындықтан қашып, шешудің оңай жолын көрсете салған, халыққа жаны ашымайтын, келешегін ойламайтын, ойларды таяз пысықайлардың ақылын тындап, ауыл, қайи, халқы азайып бара жатқан селолардың келешегі (перспективасы) жоқ деген терминді тауып, шағын ауылдарды таратып жібергендігіміз. Бұл деген сөз, сол ауылдың тамырына жалта шауып, түпкілікті жойып жібергендігіміз. Бұл деген сөз, сол ауылдың тамырына жалта шауып, түпкілікті жойып жібергендігіміз. Бұл деген сөз, сол ауылдың тамырына жалта шауып, түпкілікті жойып жібергендігіміз.

Енді жаңа басшылар «ауылды қайтадан жаңғыртып, ауылшаруашылығын дамытуға көңіл бөлуіміз керек» деп айта бастады. Ең дұрысы да, келешегі кемелді, көңілге қонымды, қайтарымы орасан зор, халықтың қарнын тойғызып, киімін бүтіндейтін, хал-ахуалын жақсартып, жақсылыққа жетелеп, тұрмысын түзетуге апаратын сара жолда осы. Ауылдық жерлерде, бес-он үйден қалса да, сол ауылдың жағдайын жасап, халықты қайтадан селолға шақыра бастауымыз керек. Қажетті инфрақұрылымдарды тездетіп, ел болып, мемлекет көмектесіп орнына келтіруді, халықтың мұқтажын мұқият зерттеп, зерделеп шұғыл түрде шешуді қолға алу, бұл кезек құттыгерітін мәселе деп дабыл қағып барлық мүмкіндікті толық іске қосу, мемлекет қызметкерлерінің басты бағыты, негізгі міндеті деп тану

бұл біздің азаматтық парызымызбен қарызымыз екеніне ел болып түсінуіміз керек.

Ауылшаруашылығын дамыту, бұл біздің, мемлекетті алға сүйреу, оның келешегін ойлау. Ауылшаруашылық өнімін өндіретіндер, ол ауылда тұратын халық. Себебі, олардың табысы сонда, күн көру көзі де сондағы жермен байланысты. Оларды таратып жіберу, қалаға көшіру о бастан үлкен қателік болды. Енді оларды қайтадан апару, жерге жегу, малға салу, ол оңай шаруа болмайды. Бірақ, басқа амалымыз жоқ. Сондықтан, тек ауылда тұратын халықтың жағдайын жаап, оларды материалдық қолдау арқылы ғана мәселені шешуден басқа жол жоқ.

Ал, асфальтта туып, жердің ыстық-суығын сезінбеген, «кәсіпкерміз» деген бүркеме, жасанды атпен, халықтың тапқан, өндірген дайын өнімдерін тартып алып, немесе, құйтырқы түрлі әдістермен, іс-қимыл жасап жүрген, тек

мемлекеттің өз халқына, яғни, өнім өндірушілеріне қаржылай (субсидия есебінде) беретін жәрдемінің көлеміне де байланысты. Ауылшаруашылығының өнімін өндіруші шығыны (өзіндік құны) өте жоғары. Табысы, шығынын жаппайды. Барлық дамыған мемлекеттерде, ауылшаруашылығы өнімдерін өндірушілерге мемлекет қаржы (субсидия) береді. Ұзаққа бармай-ақ, өзіміздің Одақ мүшелеріміздің көрсеткіштеріне қарасақ, ол мынандай: Белорусия – 24%, Россия – 16%, ал Қазақстан, қазіргі күнге – 6% (барлық өндірілген ішкі өнімнің пайызына шаққанда) көлемінде ғана. (Бұл туралы бұрынғырақ «Егеменді Қазақстан» газетіне жазған болатынмын). Әрине, бұл көрсеткіштер қазіргі таңға, біршама өзгерген болу керек, Мұндай мәліметті, Қазақстанның бірінші Президенті Н.Ә.Назарбаев (өзі араласып жүріп), біздің мемлекет Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымына жиырма жылдан кейін

он тоғыз жыл, бөлімше агрономы, аға және бас агрономы қызметтерін атқарып, одан соң ауылшаруашылық басқармасын басқардым. Партия тарап, ауданда Әкімшілік құрылғанда, аудан әкімінің бірінші орынбасары болдым. Сол қызметтен, аудан басшыларының қолдауымен ҚР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланған болатынмын, кейін екінші рет жаңадан қос палаталы Парламент құрылғанда, парламент Мәжілісіне депутат болып қайтадан сайландым. Одан кейін, мемлекет басшыларының ұсынысымен, Ауылшаруашылық министрлігіне Комитет төрағасы болып тағайындалдым. Одан соң отбасылық жағдайыма байланысты өзім өтініш жасап, Алматы облысының Ауылшаруашылық министрлігіне қарайтын, ауылшаруашылық басқармасына бастық болып ауыстым. Сол қызметті, зейнеткерлік жасқа жеткенше, яғни, он бір жыл атқардым.

■ NIET



ҚОЛДАҒЫ БАРДЫ БАҒАЛАЙ БІЛСЕК...

«Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дейді» дегендей, өзіңде барды көре білу және бағалау, оған қуана білу, елім деген әр азаматтың рухын көтеріп, үмітін жанып, сенімін нықтау қандай жақсы! Жалпы, жүрегінің түкпірінде бүршік жарған асқақ арманды қанаттандыратын мақтаныш сезімі болса ғанибет емес пе. Бұл кісіні үнемі биік мақсаттарға жетелесе керек.

Біздің басты құндылығымыз ата-бабалар армандап кеткен Тәуелсіздігімізді баянды ету жолында, әркім өзінің қызық-қабылдап, аянбай әлемге етіп үлес қосу болса керек. Бізде анау жоқ, мынау жоқ, анау үйтіп жатыр, мынау бүйтіп жатыр дей бергеннен не өнеді, одан да сол жоқтың орны толып барға айналуына септігі тиетін пікірін ортаға алып тілекші болу, барды бағалай білу Отанымыздың болашағына бейжай қарамайтынымызды білдірсе керек. Еліміздің Тәуелсіздік алғалы бері бүкіл әлем таныған елге айналуы, болашақ биіктерге жетелейтін жеткен басты жетістігіміз десек артық айтқандық болмас.

Әрине, жетістіктерімізбен қатар әттегенайлардың да болғанын ешкім жоққа шығара қоймас. Бәрі айналдырған отыз жылда орындала қоймады деп тұңғыққа түсе бергенше, ілгерілеген тұстарына ден қойып, олардың қатарының көбейе түсуіне тілектес болу да дұрыс шығар. Ілгерілеудің әр садала да бар екені мүлде ән сұқ ету жарамас, десек те, елге танымал тұлғалардың жоқ деген сөзі жанына батып, жүрек сыздатыны рас.

Осыдан төрт жылдай бұрын елімізге танымал саясаттанушы азаматтың (кезінде сол елде ешілікте қызмет еткен) республикаға белгілі басылмалардың бірінде «Өмір жақсару үшін саяси жүйе өзгеру керек» деген мақаласында 1971 жылы тәуелсіздігін алған Біріккен Араб Әмірлігінің жеткен жетістіктерін санамалай келе. «Осы мерзім аралығында әлемдегі ең үздік университеттердің 300-не жеті әмірлік оқу орны іліксе, ол қатарда қазақстандық оқу орындарының бірі де жоқ» дейді. 2022 жылғы QS WUR – әлемдегі ең үздік жоғары оқу орындарының қортынды рейтингінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті 150 орында, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті 277 орында тұрса, Біріккен Араб Әмірлігінен 300-дікке енген Халиф университеті 181, БАӘ университеті 298 орында деп көрсетілген. Сонда 2013 жылы 299 орында тұрған әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің көзіне түспеуі қалай, 300-ке іліккен жеті әмірлік оқу орнының қалғаны қайда деген сұрақ туындайды. Елінің болашағына үнемі үн қосып келе жатқан азаматтың барды көрмеуі,

бағаламауы қалай деген ойға қаласын. Елдің назарында жүрген танымал азаматтардың пікірлері халықтың сеніміне, болашаққа деген үмітіне сәлме түсірмеуі керек. Тәуелсіздік алғанына жарты ғасырдан асқан (51 жыл) елдің жетістіктерімен салыстырғанда абай болған жөн-ау. Еліміздің білім және ғылым саласында болып жатқан өзгерістер мен жеткен жетістіктер де баршылық. Әлемдік білім мен ғылым кеңістігінде кең адыммен ілгері басып келе жатқан Қазақ елінің білімі мен ғылымының қара шаңырығы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті QS World University Rankings – әлемдегі ең үздік жоғары оқу орындарының қортынды рейтингінде 2013 жылы 299 орынға шығып әлемдік 300-ке енгенін, соңғы 2022 жылдың қортындысы бойынша бұрынғы ТМД елдерінің ішінде алғашқы жүздікке енген (75) М.В.Ломоносов атындағы Москва Мемлекеттік Университетінен кейін 150 орында нық тұруы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің 277 орынға ұлттық университетінің тұрған күйінде жетістік болса керек. Осындай қарқынмен әлемдік үздік 100-ке енуі бетке алған университет ұжымының қажырлы еңбегі еліміздің білім мен ғылымын биік белестерге көтеретініне сенім мол. 2022 жылы QS WUR рейтингінде 150 көтерілуі, еліміздегі жоғары оқу орындары рейтингінде өзінен кейінгі 2-ші орын алған оқу орнына қарағанда 1,5 есе көп (366 313) балмен 1-ші орынды иеленуі, 28 шілдеде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен зертеу университетінің мәртебесінің берілуі университет ұжымының қажырлы еңбегінің жемісі. Мемлекет басшысы Қасым –Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жақын болашақта жүйріктердің қарқынына қарқын қосатын әлемдік ең озық университеттердің 500-дікке Қазақстандық 10 ЖОО енуі деген қадап айтты, WUR рейтингінде қазақстандық оқу орындарының қатарының арта түсуіне екпін береді деп ойлаймыз. Жақсы сөз жарым рыс деген, барды бағалай білейік.

Мәди БАЙДӘУЛЕТОВ,
Экономика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Қаржы және есеп» кафедрасы

АУЫЛДА...



кана, алып-сатар саудегерлер (соның ішінде, заңсыз зорлық-зомбылықпен, жоғарыдағы біреулердің атын сатып, пайдаланып жүргендер. Бұлар нағыз алаяқтар, қылмыскерлер. Олар, заңға сәйкес, жазаларын алу керек, ол халықтың талабы). Қазіргі таңда, ондай арам-тамақ «жануарлардың» саны, тікелей өнім өндіріп, еңбек етіп жүргендердің санынан бірнеше есе көп. Біз оларды, Абайдың сөзімен айтқанда: «өзі үшін, оттаған хайуандарға» тенең отырмыз. Себебі, өнім өндіру үшін, еңбек ету керек. Алаяқ, қылмыскерлердің қолынан ондай ерлік келмейді. Олар, тек қана жатып ішуге тәрбиеленген, солай өсіп өнгендер, өйткені тәрбиеленушілері де сондай «жануарлар», одан артық баға беруге, ешнәрсеге тенең, тұрмайды.

Біздер бірнеше мемлекетпен бірлесіп экономикалық одақ құрдық. Менің түсінігімде, одақтың негізгі міндеті: сол одақ мүшелерінің арасында, өзара экономикалық байланыс, саудасаттықтық қарым-қатынас, қажетті өнімдермен алмасу, қажетті жоғын бірден сәуітеп, әр ел өзіне керекті қажеттілікті көрші одақ мүшелерімен бірлесіп шешу емес пе?

Бұл жерде үлкен мәселе, әр

зорға кірген де айтқан еді. Онда да: «Жақын жылдары 8-8,5 пайызға жеткіземіз» деген болатын. Ал осы міндетті жалғастыру, оны үдете дамыту қазіргі құрылып жатқан жаңа үкіметтің басты, негізгі міндеті болуға тиіс. Сонда ғана мемлекет қалың халықтың қажетті қажетін қамтамасыз ету. Халыққа алдымен тамақ, киім-кешек керек. Содан кейін барып жақсы үй, жүйрік көлік артық болмас. Мемлекеттің негізгі мақсаты да, міндеті де осы мәселенің төңірегіне келіп тоқайласа, сонда біз халықпен біргеміз, алда да алшақ кетпейміз деп айта аламыз.

Мен ауылшаруашылығы саласының барлық сатыларында істеген маманмын. Өмірге келген соң, бес-алты жасымнан, малшының баласы болғандықтан, малшаруашылығына араласа бастадым. Орта мектепті бітірген соң, төрт жыл ауылда жұмысшы, малшы есепші, болдым. Институтты үздік бітіргеннен кейін, өзімнің аулымда табаны күректей

Зейнеткер болғаннан соң да, Қазақ мемлекеттік малшаруашылығы және жем-шөп өндіру ғылыми-зерттеу институтында бес жыл аға ғылыми қызметкер болдым, оған да институт басшыларының шақыруымен бардым. Себебі, мен Одақтың қайта құру кезінде (1987 жылы), Мәскеу қаласына дейін барып Жоғарғы мемлекеттік аттестациялық комиссиясының шақыртуымен қайта қорғадым. Негізінде, кандидаттықты сырттай аспирантурада төрт жыл оқып, өзімнің институтымда қорғаған едім.

Мемлекеттік сыйлықтың иегерімін. Оны да мемлекет, үлкен ғылыми-институттың бір топ ғалымдарымен бірге, институттың ұсынған ғылыми ұсыныстарын, өндіріске, солармен бірге енгізгеніміз үшін мемлекет қаулысымен берген болатын.

Енді, тағы да бұл жерде, қосымша айта кетуге болатын бір жағдай, мен қайда жүрсем де – ауылшаруашылығы мәселесімен шұғылдандым, одан қол үзбедім. Кейінгі жылдары, баламыз екеуміз Алматы облысынан жер алып, сол жерге егін ектік, мал бақтық, ол он жеті жылға созылды. Яғни, мен нағыз зейнеткерлікке, жетпіс бес жасымдашықтым, содан бері ғана демалыстамын. Бұл жерде, айтпағым: маған ауылшаруашылығы бұрыннан таныс, себебі, бұл кәсіп менің ата-бабамның кәсібі, оның үстіне кәсіби мамандығым да осы сала болды, яғни, ата-баба өсібі қаныммен келіп, бойымда қаныммен бірге әле кетіп барады. Мен оны мақтаныш сезіммен, аузымды толтырып, айқайлап тұрып айта аламын.

Қорыта келе, халқыма айтарымыз, үгіттеп шақырамыз: ауыл біздің қанымыз тамармыз, бізді және барлық тірі жанды асырап отырған Жер-Ананың қадіріне жете білейік. Қарнымыз тоқ, көйлегіміз көк болса, қалғанның барлығы одан кейін бола береді. Елге оралыңыздар, балаларға түсіндіріп, оларды да елге қайтарыңыздар, біздің тамырымыз осы жерден тараған, жайылған. Оны кептіріп, қуратып алмай, ертерек қолға алайық, ағайын.

Қалам ұстағандардың бәрі еркін ойлай ала ма? Жоқ! Еркін ойлау – қағаз сиялап, қалам жағалағандардың бәрінің емес, өзінің азаматтық ары алдындағы (ал әдебиет – ардың ісі), уақыт пен ұрпақ алдындағы ұлы жауапкершілігін қылша мойны мен қос иығына артқан ірілердің ғана қауыпкерлігін іс. Жазушының ерен ерек тұлғаның еншісіне ғана бұйыратын ерекше қасиет. Өйткені «Только ответственный – свободен, только свободный – ответственный» (Бердяев).

Жауапкершілік пен еркіндік – бірінсіз бірі өмір сүре алмайтын кіндіктес ұғым. Жауапкершілігі зор суреткер ғана еркін ойлауды игере алады. Неге? Себебі, жазушының халық – қоғам – заман (екіншілей айтқанда, ұлт – ұрпақ – уақыт) алдындағы жауапкершілік парызы оны ұдайы ой қууға, яғни желмаямен жер шолған Асанқайғыдай мына қоғам кеңістікте ненің баянды, ненің баянсыз, ненің орнықты, ненің опықты екенін білмек хәм білдірмек үшін із кесуге міндеттейді. (Кердерінің «Бір Құдайдан басқаның бәрі өткінші, Бір Алладан басқаның бәрі жалған» дегені де – «айым-қайым дегенде айым-қайымның ыңғайымен айтыла салған өлең емес, осындай із кесуден келіп шыққан тұжырым.) Із кесу, іздену барысында жауапкершілігі арқылы еркін ой қорытуын, еркін ой қорытуы арқылы жауапкершілігін өрістетіп отыратын суреткер енді еркін байлам жасау үшін «еріксіз» өз автономиялық әлеміне, яки ешкімге тәуелсіз өз автономиялық әлемінің безбеніне жүгінеді. Идеология қанша құрық салып, саясат қанша қыспаққа алғанымен айтарын айтып, берерін бедерлеп кеткен Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы да – осының айғағы.

Ал «құлдың қолы ғана емес, ойы да кісендеулі болады» (Наушаруан). Құлдың («құл» деген сөзді шалақ саясаттың құлы, ұлттық топырақтан, халықтық құнардан нәр ала алмаған алдамшы сенім-нанымдардың құлы, ұлыдержавалық басынуды – бауырластық, империялық өктемдікті – интернационализм деп ұғатын бүгежек пиғылдың құлы, көкте ғана қалықтап, жерге бір түспей-ақ қойған коммунист елес-идеяның құлы, әдебиеттің партиялығының құлы, ұлттың көз жасынан, халықтың тәуелсіздігінен «биік тұратын ұлы максаттар мен игі мұраттарға қызмет ететін» бейдауа әдебиеттің құлы және т.т. деп ұғарсыз), яғни ойы арқандауды, рухы шідерлеулі кіріптардың да өндіре жазуы мүмкін, бірақ өміршен дүние бере алмайды.

Сыншыларымыз «Әдебиетімізде ұқсас тақырып, ұқсас кейіпкер, ұқсас шешім көбейіп кетті» десіп жүр. Сайып келгенде, мұның жалғыз-ақ себебі бар. Бәленің бәрі – біркелкі ойлаудан. Еркін ойлауды игерген суреткерлер қазіргі қазақ әдебиетінде қадау-қадау, үркердей ғана топ. Соның бірі – Дулат Исабеков.

Аузын ашқаннан жүрегі көрініздің бірсыпыра шешендік – біздің ерекшелігіміз біздің артықшылығымыз, біле білсек, біздің бақытымыз – деп көсіле жөнелетіні бәрімізге мәлім. Блайым бақытты болайық, тату-тәтті тұрайық. Бірақ мәселенің екінші жағы, яғни ғылыми және тарихи жағы бар емес пе? Көпұлттылық, әсіресе қолдан жасалған демографиялық қойыртпақ, империялық есеп-

пен жасалған көпұлттылық кімді көгертті? Кімді көгерттіп отыр? Қай халықты, қай елді ұшпаққа шығарды?

Дулат Исабеков те осынау аса киын, аса күрделі әрі аса ділгір мәселеге өзінің көркем әңгімесі арқылы жауап іздейді. Жазушының бұл әңгімесі «Социализм зәулімі» («Қазақ әдебиеті» газеті, 12 қазан, 1990 жыл) деп аталады.


Құлдық – тек құл иелену-



Әмірхан МЕНДЕКЕ,
әдебиет сыншысы,
Халықаралық «Алаш»
сыйлығының лауреаты

шілік құрылысқа ғана қатынас қалды. (Көрініз бе, Мәскеуде қабылданған әу бастағы «моп-момақан» қаулының қалай бет алып кеткенін!).

Әңгімеде суреттелетін «Социализм» бөлімшесін Д. Исабеков 70-80 жылдардағы (бәлкім, одан да бұрынғы? бәлкім, одан да кейінгі?) Қазақстанның, қымбат кезеңдерін «интернационализмге лаборатория» болумен рәсуа еткен көнбіс те көңілшек Қазақстанның шағын макеті ретінде сипаттай отырып, шебер шендестірулер жасайды. Бөлімшеге бес қабатты екі үй салуға керекті жүз елу құрылысшының ұлттық құрамын түгендеуге ынты-шықтымен кіріскен және оны «бұлжымас парызым» деп түсінетін бөлімше



шылары, бөлімшенің көзі ашық, жөн біледі деген активтері» арнайы жиналыс өткізіп, қанша бас қатырса да қала мен ауылдың бұдан өзге айырмашылығын таба алмайды. Автордың мұндай шешімге келуін шарттылықтан гөрі логикалық шынайылыққа жатқызған жөн. Өйткені біз «Қалада кімдер отыр, яғни стратегиялық нүктелер кімнің қолында?» деп өмірі ойла-нып көрген емеспіз ғой!), осы бөлімшеге бес қабатты екі үй салу үшін және оны салатын «жұмысшылардың ұлттық құрамын қатаң сақтау үшін» жан-жақтан келімсектерді шақыра бастайды. Не керек, «Бас-аяғы бір аптаның ішінде шағын бөлімше келімсектердің аяғының астында

прорабы Сепентайдың тірлігіне көз салыңызшы: «Сепентай Қазақстанда тұратын барлық ұлттың өкілін түгелдей боламын дегенше қас қарайып, көз байланды. Әбден шаршап, дінкесі құрыған ол Пашатқа (бөлімше меңгерушісі – Ә. М.) қарап:

– Әнеукүнгі газетте Қазақстанда жүз жиырма ұлттың өкілі тұрады деп жазып еді, менде жүз он екі болды. Енді сегізін қайдан табамыз?..

– Күрд бар ғой?
– Бар.
– Ноғай бар ғой?
– Бар.
– Қытай ше?
– Ол да.
– Шүршіт ше?
– Шүршіт? Ол... ол жоқ. Ол қандай ұлт?..

Біздің дәл осылай жанық-қанымыз да, жанығатынымыз да рас қой? Рас. Шындық қой? Шындық. Онда әрі қарай тыңдаңыз:

БІЗ КІМБІЗ

ЖАЗУШЫ ДУЛАТ ИСАБЕКОВТИҢ «СОЦИАЛИЗМ ЗӘУЛІМІ» АТТЫ ӘҢГІМЕСІНИҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚУАТЫ ХАҚЫНДА

«Сепентай дәлізде селдіреп қалған жұртқа қарай:

– Араларында шүршіт бар ма? – деді.

– ...Жоқ.

– Пүшту бар ма?

– Жоқ. Олар Ауғанстанда тұрады.

– Қап, бір шүршіт пен пүшту керек еді... Ал, сендер кім боласындар?

– Кім болушы ек, қазақтармыз.

– Бізге қазақтардың керегі жоқ, қайта беріндер.

– Ойбай-ау, қазақ қалаған там құлап қалады дейсіндер ме? Қайда барсақ та қазақтардан қайтпа адамды алып қойдық дейді, енді біз қайда барып күн көреміз?

– Онда менің шаруам жоқ. Маған десең Магаданға кет. Шүршіт керек, шүршіт немесе эскимос.

– Ойбай, ондай ұлт жоқ болса өлеміз бе енді?

– Табындар, табындар!

Екі бастық қанша айғайлағанмен топ ішінен шүршіт те, пүшту де, эскимос та табылмады.

Өмірің өкситін тірлік. Өмірің өкситін қасиет. Егер астарына үнілсеніз, әңгіменің осы үзіндегі әрбір детальды Айрауықтың ашы күйіндегі бебеу қағып, боздап тұрғанын аңғарар едіңіз.

Рас, үзіндіде юмор да бар. Ащыкекесінде бар. Жөпелдемеде мырс ете қаласыз. Бірақ бұл уақытша ғана. Оқиғаның жақын ұғып, асықпай санаға сіңіргеннен кейін кеуденді күйік қысып, өн бойынды өксік буады. Әңгімедегі юмордың жазушының уайымы екенін, ащы кекесіннің жазушының күйзелісі екенін ұғасыз.

Сепентай да, Пашат та – қазақ. Қазақ болғанда да, қазақша сөйлейтін және ауылда қазақты тірлік кешіп жүрген қазақ. Бірақ олардың өз

қандастарын кеудеден итеріп, Қазақстанда тұратын «жүз жиырма ұлттың өкілін түгелдеймін» деп ауылдастарын өз кіндік мекені, өз атажұртында жұмысқа алмайтыны несі? Ағайындық жанашырлық сезімді былай қойғанның өзінде, адамгершілік тұрғысынан да, заңдық тұрғыдан да, тіпті, экономикалық тиімділік тұрғысынан алып қарасаңыз да Сепентай мен Пашаттың тірлігі құдай сүйер қылық емес қой! Мұндай мәңгірттермен қайтіп ел боламыз, қайтіп жұрт боламыз?

Бірақ Сепентай да, Пашат та дәл осылай жасауға тиіс болатын. Иә, иә, тиісті болатын. Және Дулат Исабеков те бұларды осылай «сомдауға» мәжбүр болды. Неге?

Өйткені бұл – өмір шындығы. Тарих шындығы. Сепентай мен Пашаттың әлгіндей тірлікке баруы – олардың өзге ұлттарды өліп-өшіп жақсы көріп, қазақтарды жек

көруінен туып отырған жоқ. Бұл тірлік мемлекеттік (бәлкім, ұлттық?) деңгейдегі мәңгірттену процесінің тым ұзаққа созылып, үңгі тамыр жайып кеткені соншалық, сепентайлық сана мен пашаттық түсініктің өмірлік заңдылыққа, өмір сүрудің «ең бір сенімді, ең бір парасатты» қағидасына айналып кетуінен келіп шыққан «игі іс-әрекет» еді.

Сондықтан жазушы да мұндай қасиетті құбылысты аттап өте алмайды. Аттап өтуге, айтпай өтіп кетуге суреткерлік ары мен суреткерлік жауапкершілігі жібермейді.

Жазушының интуициясы тап басып тауып, тап басып танып отырған осы құбылыс несімен қасиетті? Несімен қауіпті? Несімен қорқынышты?

Адам ақыл-есінің ең биік өлшемі «сана» деп аталса, сана атаулының ішіндегі ең арлысы – ең аяулысы, ең пәтуалысы – мемлекеттік сана. Шығысқа сенсек, «Адамның санасы да тарихи жағдайға тәуелді. Тәуелді елде мемлекеттік санасы мығым тұлғалар мыннан біреу ғана болса, ал тәуелсіз мемлекетте оның әрбір мүшесі сыртқы дүниемен тәуелсіз қарым-қатынас жасап, сыртқы дүниемен тең құқықты азаматтық байланыс орнататын өз мемлекеті сияқты биік мемлекеттік санаға ие болады» (Дж. Неру).

Жаратылыстың мына құдіретті заңдылығына қарағанда – біріп біріп мемлекетте өмір сүріп жатқан оның әрбір мүшесі ұлтын сақтау, тілін дамыту, территориясын қорғау сияқты мемлекеттік міндеттерді «өз міндетім, өз парызым» деп ұғатын мемлекеттік санаға ие болу үшін әлгі мемлекет міндетті түрде тәуелсіз болуы керек екен. Яғни бар гәп, бар кілт – тәуелсіздік екен.

Ал жаппай мемлекеттік санаға ие болатындай қазақ

байғұс қай уақыттан бері тәуелсіз? Тәуелділіктің жақындап келе жатқанын сезгендей, «Жатқа тізгін бермеңіз!» деп Бұқар жырау зар қакты. Патшалық Ресейдің құпия кабинеттерде жасалып, шұғыл орыстандыруға бағытталған «Жаңа низамы» қазақ даласына енгенде «Енді оңала алмассын, өз қолыңнан өз ыркың кетті» деп Абай зар жылады. Онан кейін «Ұлттық республика жариялаймын» деп Әлихан Бөкейханұлы жанталасты. «Түрік республикасын құрам» деп Тұрар Рысқұлов жанын салды. Мұның бәрі қазақтарға мемлекеттік санасын қайтарып беруге бағышталған ұлы қадамдар еді. Амал не, 1933 жылы Құдайберген Жұбанов «Біз мемлекеттік санамыздан айрылып қалдық...» деді көкірегі қарс айрылып.


Жаратушы Жасаған Иемнің неге иімегенін, неге жібімегенін кім білсін, тарих — қазақ халқы

ОСЫ...

үшін ет турағыш машина болып қана қойған жоқ, сонымен бірге олардың мемлекеттік санасын көктей солдыру, таптап тапау үшін әдейі жасалған алапат механизмнің рөлін де атқарды. Патшалық Ресейдің қазақтарды титықтатып, бөлшектеп отарлап-бұтарлауынан кейін іле-шала-ақ большевиктік бодандандыру басталды. Отаршылдар қазақтарды жүзге, руға бөліп қырыстырса (Өзара атыстырып-шабыстырып, басын біріктірмес үшін патша өкіметі арнайы қаржы бөліп, арнайы тапсырма беріп, Александров тәрізді ғалымдарға қазақтардың жүздік, рулық құрамын зерттеткен. — Ә. М.), большевизм тапқа бөліп, қанға бөктіріп. Патша өкіметі қазақты бөлшектеп орыстандырса, большевизм «бір орталыққа бағындыру» арқылы орыстандырды. Осыдан кейін «ұлттық бірлік» дегенді ауызға алу былай тұрсын, санаға алудың өзі мұң емес пе?

«Жалаңтөс» большевизмнен кейінгі «коммунистік асыл мұраттарға қызмет ету» кезеңі де мемлекеттің санамызды әлжуаздандыруға, алжастыруға «орасан зор үлес қосты». «Асыл мұраттың» бірі «атеистік сана» деп аталды. Анығырақ айтқанда, құдайсыздық, дінсіздік, имансыздық. Хакка сенбеу — адам өмірінің өлшеулі екендігіне, бірақ адамдық парыздың өлшеусіз екендігіне, өлшеулі ғұмырында осы өлшеусізге (адамдыққа, адамиет ұрпағына тән тазалыққа) үлес қосуға ұдайы ұмтылыс жасап отырмасаң, онда жаратылыстың да, дүние-болмыстың да үйлесімділігі бұзылатынына сенбеу деген сөз. Атеизмнің имансыздық болатыны да сол.

Екінші «асыл мұрат» — іргетасы жоқ интернационалистік сана еді. Яғни, ұлтсыздық. Еуроцентризммен уланбаған Шығыс пәлсапасына сүйенсек, интернационализм дегеніміз — жер басып жүрген барша ұлттар мен ұлыстардың жойылып кетпеуін, олардың өз жері мен өз өтенінде өркен жайып, тілін, дәстүрін сақтап, дамытуын



қадағалайтын және соған жанаушыр бола тын иманды ілім. Ал біздің «интернационализміміз» қандай болды? Керісінше, «ұлттардың бір-біріне жақындаса отырып кірігіп кетуін көздеді», «жақындасу барысында өзге тілдердің жойылып, бір-ақ тілдің өмір сүретінін» дәлелдеп бақты және т.т.

Ғылымда «ассимиляторлық таным», «ассимиляторлық мәдениет» деген ұғым бар. Біздің «интернационализміміз» де осындай жойымпаз ұғымдардың сойылын соқты. Дәл қазір «мәдениеті гүлденген» азақтардың 40 проценттен астамы өз ана тілінде сөйлеп, жазып-сызып, оқи алмаса — бұ да сол «қой терісін жамылған қасқыр-көзқарастың», яки ассимиляторлық мәдениеттің «жемісі».

Үшінші «асыл мұрат» — коммунистік сана болды. Мұның «міндеті» — ұлттық ерекшелігіне, қоғамдық даму ерекшелігіне, жағрапиялық жағдайына, дініне, тіліне, діліне, сенім-нанымына қарамай, «жер шарының еңбекшілерін ынтымақтастыра отырып дүние жүзінде біртұтас коммунистік қоғам орнату» болды. Әрқелкі үйлесімнен тұратын әлемді «біркелкі бояумен бат-тыра бояймын» деу — әрине, күпірлік, күшеншектік еді. (Ауғанстанға армия апару, Чехо-Словакияға десант түсіру — осы күшеншек сананың нәтижесі).

Төртінші «асыл мұрат» — «патриоттық сана» деп аталды. Мұның «парызы» әлгі үш «асыл мұратты көздің қарашығындай қорғау» болды.

Міне, осының бәрі біздің мемлекеттік санамызды тұрала-тып, діңкелетіп кетті. Енді осы жерде төмендегідей сұрақ тууы мүмкін: «Абылайдың тұсында қазақ тәуелсіз ел болды. Сонда қалай, қазіргі қазақтардың мемлекетшілдігі, мемлекеттік санасы Абылай заманындағы қазақтардікінен төмен бе?». Төмен. Шығыс пәлсапасының ұлы мұрагерлерінің бірі Сіз. Нерудің Үндістан тәуелсіздік алған кезде «Біз халқымызға енді оның әу бастағы (ағылшындар отарлағанға дейінгі — Ә.М.)

мемлекеттік санасын қайтарып беруіміз керек» деуінде тұңғыш сыр жатыр. Отарлауды, боданданды, геноцидті, ассимиляторлық құқайды көп көріп, жасып, жүні жығылып қалған халықтай емес, тәуелсіз елдің кәрі-жасы өз мемлекетінің тәуелсіздігінің кепілдігі болып отырған үш ұлы құндылықты — ұлтты, жерді, елді қорлауға бермеуге, қорғауға әлдеқайда ын-талы, құлықты келеді. Шақалақ ақынның «Тәуелді елдің иті де төмен қарап үреді» дегені — өмірден ойып алынған айшықты ақиқат.

Абылай тұсындағы қазақтардан біздің оқуымыз да көп, сауатымыз да жоғары. Бірақ... мемлекеттік санамыз төмен. Оған — Дулат Исабековтің аталған әңгімесіндегі замандастарымыз Сепентай мен Пашаттар куә.

Бұлар үшін ұлт — айырбастауға көнбейтін; сатып-саудалауға келмейтін ұлы құндылық емес, ойыншық. Көрінген аяқтың астында иленіп жататын кәдуілгі ар-заңқол ойыншық. Енді әңгіменің өзін қойыңыз.

«— Енді не істейміз? — деді Пашат күрсініп. Сепентай ұзақ ойланып отырды да:

— Былай етсек қайтеді, — деді сыбырлап, — Тізім бойынша жетпей тұрған сегіз ұлтты сіз екеуміз келісіп, мына тұрған қазақтардың бірін пұшту, бірін шүршіт етіп толтырсақ. Жұмыссыз жүрген қаңғыбастар көнбей қайда барады?..

...Сепентай да істі көп соза бермей, өзіне керекті сегіз ұлтқа түрі келеді-ау деген сегіз қазақты ішке кіргізіп алды да «осылай да осылай, бізге мынадай ұлттың адамы керек, келесендер, қазір оформит етемін» деген соң, басына қонғалы тұрған бақыттан айырылып қалғысы келмеген сегіз қазақ сегіз жерден жамырап қоя берді. — Ойбай, о не дегеніңіз, шүршіт болмақ түгілі шұбалшаң десеніз де ризамыз, одан неміз кетеді, — десті бәрі өзүреп...».

Ұлттық характерді ашу дегеніміз — сол ұлттың қаси-

ретін, харекет-тірлігін бүрке-мелемей көрініске шығару. Әлгі бес қабатты екі үй салынып біткеннен кейін Сепентай мен Пашат та ең алғашқы ордерлерді түрлі ұлттың өкілдеріне («алдыңғы жылы Ираннан көшіп келген қызылбасқа дейін қалдырмай») арнап толтырады да, қазақтарға олардан артылған пәтерлерді ғана бөліп береді.

Бірақ қара басқанда, пайдалануға берілген «осы екі зәулім үйдің астынан канализация жүргізу ешкімнің ойына келмепті». Қоныстанып алған жұрт әжетханаға кіре алмай, ваннаға кіре алмай, ас үйдің қанын ағыта алмай, у да шу болады. Жамыраса жүріп, үйдің астынан құбыр жүргізу керек деп шешеді. Әңгіме былай аяқталады:

«Екі жарым аяқ дегенде құбыр тартылып, екі зәулім үйдің асты кеулене бастады. Инженерлік есеп (демографиялық қойыртпақты қолдан жасап отырған империялық есеп деп ұғыңыз — Ә. М.) дұрыс болмады ма, бұл жердің топырағы бос па, астын кеулей бастағанда екі үйдің екеуі де бір-біріне қарай қисая бастады».

Көп ұлтқа арналып соғылған үй қисая бастады. Құлауға жақын. Әңгіменің лейтмотивіне ден қойсақ, демографиялық қойыртпақ, яки көпұлттылық ешкімнің көсегесін көгерте қоймайтын сияқты. «Қайдағы жоқты көңірсіткеніңіз?..». Сабыр, сабыр. Сәл сабыр етіңіз. Өзіңізді тоқтатыңыз да, авторлық позицияға параллель жасай отырып, бір ойланып көріңізші. Ойланып көрейікші. Кезінде Еуропада Австро-Венгрия деп аталатын мемлекет өмір сүрді. Артынан жеке-жеке ұлттық мемлекеттерге бөлініп кетті. Бір-біріне «Интернационалистік түсінігің төмен екен ғой, неге бөлінесің?» деп көз алартқан жоқ. Қазір екеуі де көрші хақылық, татулықта ын-жынсыз өмір сүріп жатыр. Сол сияқты Норвегия да Швециядан бөлініп шықты. Исландия Даниядан бөлініп, жеке отау құрды. Бұл мемлекеттер қазір ешкімнен кем емес. Керісінше, дағдарысқа ұшырап, басы даңбылып отырғандар — көпұлтты мемлекеттер (Югославия, Чехо-Словакия және т.б.). Негізінен, бір ұлт мекендейтін мемлекеттер (Жапония, Швеция және т.т.) дамудың көш басында жүр. Кезінде екі мемлекетке бөлініп кеткен ұлттар бір мемлекет болып қайта табысып жатыр. Мәселен, Германия. Екі Корея да бұл жөнінде бір-екі рет пікір алысты. Бұлардың бәрінің көпұлттылықтан, біздіңше айтқанда, интернационализмнен ат-тонын ала қашатыны несі? Жоқ, әлде, көпұлттылықтың да кемшілігі бар ма екен? О не дегеніңіз, «көпұлттылық — біздің бақытымыз, артықшылығымыз»...

Не де болса, ара ағайынды тыңдайық. Украина ғалымы, Украинаның мемлекеттік қайраткері В. Черновилл былай дейді: «Көпұлттылық қойыртпақ («көпұлттылық» дегені — Ә. М.) екі жаққа да пайдалы емес. Кезінде орыстар Украинаға ағылып келді. Осының әсерінен орасан зор демографиялық тайқазан пайда болды. Бұл тайқазанда ондаған ұлттардың өкілі шикілі-пісілі «қайнап» жатты. Ақыры не болды? Украиндардың едәуір бөлігі тілін, ұлттық мәдениетін жоғалтты. Ал өздерін нәрлен-

діріп, құнарландырып отыратын мәскеулік, тулалық, новгородтық, смоленскілік топырағынан ажыраған украиналық орыстар дәстүр-салтынан, ауыз әдебиетінен айрылды. Қазір Украинада 12 миллион орыс тұрады. Бұлар тек сан жағынан ғана өсті. Сапа жағынан өскен жоқ. Бұлардың арасынан кеңестік жетпіс жылдың ішінде бірде-бір белгілі жазушы (Одессаның әдеби мектебі есептемегенде), бірде-бір белгілі суретші, бірде-бір белгілі кинематографист шыққан жоқ. Сұмдық қой!..» («Союз» апталық газеті, № 41, 1991).

Шынында, сұмдық емес пе? 12 миллион халықтан бір жазушы шықпау дегеніміз сол халықтың рухани дағдарысқа ұшырап отыруының белгісі емес пе? Біле білсек, жазушының саны мен сапасы — рухани өркендеудің өлшемі де. Ал енді Қазақстанның кейбір өңірлерінен елу жылдан бері қазақ тілінде жазатын бірде-бір қазақ жазушысының бой көрсетпеуі қалай? Мұның себебін, біздіңше, демографиялық қойыртпақтан іздеген дұрыс тәрізді.

Дулат Исабековтің «Социализм зәулімі» әңгімесінің ендігі бір ереуелігі, мұнда ұнамды кейіпкер жоқ. Түгел ұнамсыз. Бірі — бойкүйез. Бірі — тантық. Бірі — берекесіз. Бірі — түкті біліп жарытып жатпаса да жүзге, руға бөлгіш. Бірі — мәңгірт. Бірі — ...

Әңгімеге қатысатын көп кейіпкерінің етіп болмағанды біреуін ұнамды етіп көрсетпегені несі автордың? Көпке, көпшілікке күйе жағуға болмайтын шығар? Жоқ, болады! Абайды тыңдаңыз: «Сократқа у ішкізген, Иоан Әріктіні отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол — көп. Ендеше, көпте ақыл жоқ. Ебін тап та жөнге сал». Ұлы Абайдың ерек тұлға (өзі айтқандай, «единица») мен көптің (масса, коллектив, өзі айтқандай «өңкей шуылдақ», «өңкей нөл») ара-жігін ажырата сөйлейтіні тегін емес. Дулат Исабековтің мақсаты да мемлекеттік, ұлттық сананы да жамырап қалған орыстан жай-күйін көрсету болған. Жол көрсетіп, жоба сілтейтін, жөнге салатын ерек тұлғасы жоқ көптің күйін, жалпының жайын шертү болған.

Жазушының тілдік қолданысынан да ерекшелік байқадық. Мына сөйлемдерге назар аударыңызшы:

«Жиналыста отырған жиырма бір адамның бәрі қазақ, қазақ болғанда да көпшілігі орысша білмейтін, білсе де суды «ада» дейтін қазақтар еді, соған қарамастан Оспан өз ойын түп-түгел орысша айтып шықты. Сөз орысша айтылған соң жұрттың бәрі ұйып тыңдады...»; «Олар «Южказелеватормеленабебыт стройдың» сәулетші жігітімен екі күн бойы келіссөз жүргізді»; «Осы жиналыста Сепентай өз қателігін мойындап, идеялық ауытқылдан тазартып, тіпті дәл қазырыдан бастап аралуға тырысатынын, ...әуелгі кезде солқылдақтық танытқаны үшін жиналыстан кешірім сұрады» және т.т.

Бұл не, стилистикалық артистизм бе? Жоқ әлде публицистизм бе? Екеуі де емес. Өмірдің өзі. Өмірміздің нақты келбеті. Біз де дәл осылай өмір кешіп жүрген жоқпыз ба?

Өтірік деңізіші...

Действующий президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев победил на выборах главы государства с 81,31% голосов. Центральная избирательная комиссия озвучила предварительные итоги прошедших досрочных выборов президента. Касым-Жомарт Токаев набрал 81,31% голосов. Жигули Дайрабаев набирает 3,42% голосов, Мейрам Кажыкен – 2,53%, Каракат Абден – 2,6%, Салтанат Турсынбекова – 2,12%, Нурлан Ауесбаев – 2,22%. Показатель явки избирателей на выборах президента Казахстана к 22:00 в день выборов составил 69,43%.



НАРОД ПОДДЕРЖАЛ К.ТОКАЕВА: ПОБЕДА РЕФОРМАТОРА

РЕФОРМЫ НАЧАЛИСЬ ЛИШЬ
С 5 ЯНВАРЯ 2022 ГОДА

Нынешние выборы президента в Казахстане прошли в самых экстремальных геополитических условиях за последние десятилетия – в условиях крупномасштабной войны в Украине, санкционной войны Запада против России и Беларуси, реформирования прежней системы международных отношений и др.

До января этого года Нурсултан Назарбаев фактически наделил второго президента лишь представительскими функциями как внутри страны, так и за рубежом, оставаясь во главе Совета безопасности, партии «Нур Отан», АНК. По сути, было два центра управления страной, что лишь вносило сумятицу и порождало бесконечные разговоры о двоевластии.

Не имея реальной власти, К.Токаев проработал вполсилы, без заметного результата. В итоге три года президентства прошли почти вхолостую – был даже саботаж со стороны высшего эшелона, олигархов. К примеру, президент уволил акима Шымкента, а он «всплыл» в другом месте: большинство кадров – «продукты» 30-летней коррупционной системы.

Можно даже предположить, что работу по «сдерживанию» реформ К.Токаева вели представители силовых структур и спецслужб, подчиненные первому президенту, а также отдельные высшие чиновники, что мешало формированию нового курса и новой элиты.

Лишь с 5 января 2022 года К.Токаев, став председателем Совета безопасности, стал полноправным президентом РК де-факто и де-юре. Лишь с этого времени глава государства приобрел властные полномочия для выведения республики из системного кризиса. И с этого времени были инициированы многие нововведения, проекты, изменения.

В частности, для выхода из политического, экономического, социального кризиса по Указу президента Касым-Жомарта Токаева в Казахстане провели республиканский референдум 5 июня 2022 года.

В итоге в стране формируется новая политическая модель, ко-

торую необходимо воспринимать как окончательный отход от суперпрезидентской модели правления, как логическое продолжение уже принятых конституционных изменений, как возможность создания новых условий для построения нового гражданского общества.

Такая новая модель президентства не даст возможности узурпировать государственную власть, создаст условия для появления новых креативных политиков, депутатов парламента, для повышения роли гражданского общества и т.д.

Это позволит в будущем модернизировать систему государственного управления, решить вопрос о главе исполнительной власти, исключит возможность для лоббирования интересов тех или иных политических и олигархических сил, которые могут привести в будущем к власти нового «Лидера нации».

ЧТО УСПЕЛ СДЕЛАТЬ К.ТОКАЕВ НА ПОСТУ ПРЕЗИДЕНТА

Вот некоторые решения за последнее время, в основном после 5 января этого года, которые принял К.Токаев.

Принял решение придать государственный статус Академии наук, имевшей статус общественной организации, повысить статус и заработную плату ученым. Это долгожданное решение, потому что без науки нет развития экономики, культуры, образования, языка, НТП, в целом развития страны.

Остановил внедрение в средней школе «Программы трехязычного обучения» с изучением 4 предметов на английском языке, которая существенно снизила уровень школьного образования.

Приостановил внедрение неграмотной латиницы, объявил о необходимости масштабной реформы казахского языка. Теперь поднять бы статус и гонорары писателей, поэтов, философов, в целом пишущей братии, потому что развитие языка, культуры тесно связаны с ними. И заодно решить проблемы с книгоиздательством.

Повысил статус учителей, преподавателей вузов, врачей и поднял им зарплату.

Принял решение о снятии пенсионных накоплений сверх порога достаточности. Средства можно было использовать для улучшения жилищных условий – покупки недвижимости, погашения ипотеки, а также на лечение и инвестиции в ценные бумаги.

Поручил принять все необходимые акты, чтобы начать реализацию нацпроекта «Комфортная школа». Реализация проекта позволит построить школы нового формата на 800 тысяч учащихся.

Разработан проект «Модернизация сельского здравоохра-

дательство Назарбаев в Совбезе и Ассамблее народа Казахстана. Также отменена норма, предусматривавшая согласование содержания законодательных инициатив с Назарбаевым. И из Конституции исключили пункт о статусе и полномочиях первого президента.

Здесь надо отметить, что президент Токаев «демонтирует» не только родственников и близких людей первого президента. Глава государства идет дальше этого. Чтобы не было «семейного клана» во власти, Токаев законодательно убрал саму возможность nepoтизма.



нения», который направлен на обеспечение всех сельских населенных пунктов медицинской инфраструктурой и организацию сети современных многопрофильных центральных межрайонных больниц. Начата подготовительная работа по строительству 655 объектов, в том числе 253 медпунктов, 160 врачебных амбулаторий и 242 фельдшерско-акушерских пунктов.

Создал «Национальный курортный», традиционный казахский орган – общественную площадку для принятия предложений и инициатив от общественности, народа.

Переименовал столицу, вернув прежнее название.

Поднял стипендии студентам. Поэтапно, без резких движений и популизма, обдуманно Касым-Жомарт Токаев «демонтирует» «наследие» первого президента. Отменено пожизненное предсе-

дательство президента-дипломата – большое преимущество Казахстана в самых экстремальных геополитических условиях последнего времени: К.Токаев грамотно отстаивает интересы РК, ее целостность и государственность.

Недаром наш президент везде говорит о неуклонном соблюдении Устава ООН – это не дежурные слова, это глубокое понимание текущей геополитической ситуации, когда надо дистанцироваться от агрессора, сохранять целостность страны и соседних государств региона, выстраивать международные отношения в контексте реформирования прежней мировой системы.

ТРИ СТОЛПА РЕФОРМ ТОКАЕВА

В предвыборной программе кандидата К.Токаева изложены три столпа реформ, в которых президент планирует инициировать кардинальные изменения в экономике, социальной сфере, региональной политике. «Справедливый Казахстан, в первую очередь, подразумевает честное правосудие, результативную борьбу с коррупцией и эффективную работу полиции. Реформы в этих сферах обеспечат подлинное верховенство права, гарантируют соблюдение прав всех граждан», – говорится в программе.

Обеспечению суверенитета, территориальной целостности и национальной безопасности страны также отведена важная роль. Согласно предвыборной программе, важной задачей государства на ближайшие семь лет станет модернизация армии. Она будет обеспечена современным вооружением, будет усовершенствована система военного образования, методика военного управления и будет налажено плодотворное международное взаимодействие.

Второй принцип «Справедливая экономика» означает построение экономики, основанной на балансе интересов и благополучия граждан, бизнеса, государства, а также эффективном использовании ресурсов страны. Для этого Токаев предлагает создать современный, производящий рынок труда, обеспечивающий высокую занятость и социальную сплоченность людей, сбалансированное территориальное развитие.

Третий принцип предполагает создание развитой социальной инфраструктуры и широких возможностей для реализации человеческого потенциала. Токаев в своей предвыборной программе обещает построить здоровое, образованное, трудолюбивое, социально защищенное и патриотичное общество.

По этой программе планируется запустить с 2024 года общенациональную инициативу «Нацфонд – детям» с перечислением 50% ежегодного инвестиционного дохода Нацфонда на накопительные счета детей до достижения ими 18 лет; ежегодно перечислять не менее 7% от чистого дохода фонда «Самрук-Қазына» в общественный фонд «Қазақстан халқына».

Поэтому неудивительно, что президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев после объявления результатов exit poll о его победе на президентских выборах сразу анонсировал кардинальные изменения в экономике страны. Ведь недаром народ поддержал президента-реформатора.

Логично возникшая после январских событий идеологическая парадигма «Нового Казахстана» со временем стала претерпевать изменения. И сегодня всё чаще из уст главы государства и других представителей власти звучит обновлённый месседж – о необходимости построения не просто «нового», а «справедливого» Казахстана. Хотя Касым-Жомарт Токаев довольно чётко очертил лекало, по которым будет формироваться его контур, – «закон и порядок», а также «перед законом все равны», в обществе этот «усовершенствованный» образ будущего пока не утвердился и вызывает массу вопросов. В чём конкретно должна проявляться эта самая справедливость? От кого зависит её обеспечение? Чем, в конце концов, она будет измеряться? А главное – какие шаги нужно предпринять для того, чтобы концепт «Справедливого Казахстана» не был замылен и стал реальностью? Своим видением этого пути Qmonitor.kz попросил поделиться известных общественных деятелей.



КАКИМ ДОЛЖЕН БЫТЬ «СПРАВЕДЛИВЫЙ КАЗАХСТАН»?



Казбек БЕЙСЕБАЕВ,
инициатор создания гражданского движения «Халық сенімі»:

**«СПРАВЕДЛИВОСТЬ
У КАЖДОГО СВОЯ»**

– Я бы акцентировал внимание не на том, что президент объявил строительство «Справедливого Казахстана», а на том, что запрос на справедливость во всех ее проявлениях вызрел в самом обществе. Я был в поездке по западному региону, встречался со многими людьми и постоянно слышал: «Нам нужна справедливость, мы устали от коррупции, мы хотим, чтобы государство стало к нам прислушиваться. Нам нужен «Новый Казахстан», нужны новые люди во власти».

Случайно или нет, но инициатива, с которой выступил президент, как нельзя лучше коррелирует с запросом, исходящим от населения. И в этой ситуации, на мой взгляд, самым оптимальным будет подкрепление этих параллелей, с тем, чтобы они успешно состыковались, и мы в реальности приступили к строительству нового «Справедливого Казахстана». Менять названия и в случае с этим происходит в смысле, – не выход. Нам необходимо эффективное и кардинальное переустройство системы, так как именно это будет способствовать продвижению идеологии справедливости для всех и для каждого.

